



## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері талқыланды.



Президент Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталық құру туралы БҰҰ Бас Ассамблеясы бірауыздан қабылдаған қарардың маңызын атап өтті. Сондай-ақ Аймақтық орталықтың институттық негізін жасақтау бойынша атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл құрылғанына 80 жыл толған БҰҰ-ның әлі де әмбебап әрі баламасы жоқ ұйым саналатынын жеткізді. Сонымен қатар мемлекеттердің барлығы құрылым Жарғысы мен әлем елдері мойындаған халықаралық құқық қағидаттарын сақтауға тиіс деп санайды.

Бас хатшы Қазақстанның бітімгершілік күш-жігеріне, жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға және орнықты дамуды ілгерілетуге қосқан үлесін жоғары бағалады.

## ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ



Қазақстан Президенті Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық комиссияның вице-президенті Кая Калласпен кездесті.

Кездесуде Қазақстанның Еуропа Одағымен сан қырлы ықпалдастығының перспективасы талқыланды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарына, атап айтқанда, энергетика, өнеркәсіп, цифрландыру, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамытуды көздейтін ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне ерекше мән берілді.

Кая Каллас айтқанына, Қазақстан – Еуропа Одағымен серіктестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойған аймақтағы алғашқы елдердің бірі. Бұл екіжақты қарым-қатынастың деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Ол Еуропалық

комиссия мен Қазақстан арасында виза беру тәртібін жеңілдету жөніндегі келісімді бекіту үдерісі басталғанын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы қазақстандықтар аталған жаңалықты өте жылы қабылдағанын атап өтіп, бұл қадам еуропалық елдермен жеке және іскерлік қатынастарды нығайтуға мол мүмкіндік беретінін айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кая Каллас халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы жаһандық тұрақсыздықты ескере отырып, әлемде болып жатқан күрделі оқиғаларға баға беруде байыптылық пен жауапкершілік танытудың айрықша маңызға ие екеніне тоқталды. Президенттің пікірінше, Қазақстан барлық өзекті халықаралық мәселелер мен қақтығыстарды дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуді берік ұстанады.

Кездесуде сондай-ақ «Орталық Азия – Еуропа Одағы» форматындағы ықпалдастықтың жай-күйі қаралды.

## АЛМАТЫДА БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСЕДІ

29 наурыз күні Алматыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің бейресми кездесуі өтеді.

Мемлекеттер басшылары келіссөз барысында қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын одан әрі нығайту перспективасын, сондай-ақ өңірлік күн тәртібін талқылауды жоспарлап отыр.

Бұдан бөлек, президенттер қаладағы бірқатар нысанды аралап, жасанды интеллектіге арналған көрмені тамашалайды.

## ҮКІМЕТ БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев пен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әриновтің өңірдегі жер сілкінісінен кейінгі ахуал бойынша баяндамаларын тыңдады.

Мемлекет басшысы Премьер-Министр Олжас Бектеновке әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті көмек көрсетуді тапсырды.

Үкімет облыстағы ахуалды бақылауға алды.



Айдарбек САПАРОВ,  
Ауыл шаруашылығы министрі:

## ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МАҢЫЗДЫ

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне «экономикалық өсудің нақты қозғалтқышы» деген мәртебе берілді. Бұрын бұл саланы «ел экономикасының әлеуетті драйвері» деп бағалайтын. Алайда Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніне кері әсер ететін факторлар аз емес. Демек, ауыл шаруашылығына бас-көз болатын министрліктің мойнына артылар жүк те жеңіл болмайды. Сол себепті Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты сөзге тартып, саладағы жетістіктер мен күрмеуі шешілмеген мәселелер, жоспарлар жайлы сұхбаттастық.

(Жалғасы 6-бетте)

## ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕН ҚОЮ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады.



Мемлекет басшысына Алматының биылғы қаңтар-ақпан айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары және қаланы өркендетудің перспективасы баяндалды. Ерболат Досаевтың айтуынша, аталған кезеңде қысқамерзімді экономикалық индикатор 7 пайызға дейін артқан, жыл қорытындысы бойынша өңірлік жалпы өнім 6,4 пайызға өседі деп болжанып отыр.

Президент тапсырмасына сәйкес, Алматыда экономиканы әртараптандыру және инвестиция тарту жұмыстары жалғасып жатыр. Қала әкімінің айтуынша, жыл соңына дейін құны 450 миллиард теңгеден астам қаражатқа 33 жаңа инвестициялық жоба іске асырылады. Биыл жалпы инвестиция көлемі 2,2 триллион теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға артады.

Алматы әкімі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалып-

тастыратын «Таза Қазақстан» бағдарламасының орындалуы жайында мәлімет берді. Аулалар, көше-жол желілері мен жасыл аймақтарды кешенді түрде күтіп, баптау үшін үш жылдық келісімшарт тәсілі енгізілді.

Президент бұған дейін шаһардың экологиялық жағдайын жақсарту, жыл соңына дейін қаладағы қоғамдық көліктерді экологиялық талапқа толық сай ету, сондай-ақ Алматының көлік құрылымын қалыптастыру бойынша тапсырма берген болатын. Кездесуде осы жұмыстардың нәтижелері баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерболат Досаевқа экология мәселесіне ден қойып, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, жыл соңына дейін сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету міндетін жүктеді. Сондай-ақ Алматының орнықты дамуына қатысты берген тапсырмаларын мұқият орындау қажет екенін айтты.

## КӘСІПТІ ҚОРҒАУ – КЕШЕНДІ ІС

Капитализмнің кілт нарық болғандықтан, мемлекетіміз үшін ішкі нарықты қорғау – экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы екені анық. Республикалық деңгейде отандық өндірушілерді қолдау, жұмыс орындарын сақтау және экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған жобалар жеткілікті. Соның ішінде ішкі сауда инфрақұрылымына жүйелі жаңғырту жүргізілуде. Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевтің айтуынша, мемлекет алдында заманауи көпформатты сауда үлесін 2029 жылға дейін 70%-ға жеткізуді көздейтін стратегиялық мақсат тұр. Былтыр 16 сауда орнында жаңғырту аяқталған. Биыл шамамен 100 нарықты толық жаңғырту міндеті тұр.

(Жалғасы 4-бетте)

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



## ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Батыс Қазақстан облысында еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, жергілікті жұртшылықпен және жастармен кездесулер өткізді. Іс-шаралар барысында Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру және Сенаттың өңірлерді дамытуға ықпалын одан әрі күшейту мәселелері, сондай-ақ палатаның мәслихаттармен бірлескен жұмысының маңызды бағыттары талқыланды.

Мәслихат депутаттарымен және облыс жұртшылығымен кездесуде саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды іске асыру барысына баса мән берілді. Мәулен Әшімбаев Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстан құру үшін ел Президенті Ұлттық құрылтайдың IV отырысында белгілеп берген басымдықтарды сапалы іске асырудың маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ палата Спикері барлық деңгейдегі кешенді жұмыс, мүдделі тараптардың белсенділігі, сындарлы өзара іс-қимыл, соның ішінде қажетті заңдарды уақытылы қабылдау, ең алдымен, еліміздің табысты экономикалық дамуының, өңірлердің өркендеуінің және азаматтардың әл-ауқатының артуының кепілі екенін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында елімізді дамытуға қатысты өзекті мәселелерге кеңінен тоқталды. Өңірлердің экономикасын өркендету негізгі бағыттардың бірі ретінде белгіленді. Құрылтайда ішкі саясат, идеология, білім беру мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Айтылған барлық бастамалар Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Қуатты Қазақстан құру идеясын іске асыруға арналған. Осы және басқа да міндеттерді сапалы іске асыру үшін жүйелі әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек», — деп Сенат Төрағасы облыстық мәслихат депутаттарын ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін Палатаның заң шығару қызметіне белсенді қатысуға шақырды.

Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев сәуір айында мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің жаңа форматтағы кеңейтілген отырысын өткізу жоспарланып отырғанын тілге тиек етті. Онда Мемлекет басшысы мәслихат депутаттарының II республикалық форумында белгілеп берген міндеттер талқыланды.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев экономиканы әртарапандырудың, өңдеуші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытудың маңызды бағыттарына тоқталды. Кездесуде ел Президентінің өңірлерге қатысты инвестициялар тарту, жаңа технологиялар енгізу, жаңа кәсіпорындарды іске қосу және жұмыс орындарын ашу жөніндегі өзекті бастамалары да талқыланды.

Іс-шарада атап өтілгендей, қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысы экономиканың өсу қарқыны бойынша айтарлықтай деңгейде. Сондай-ақ былтыр су тасқынының салдарын жою және биыл оның алдын алу бағытындағы жұмыстарда да жоғары нәтижелерге қол жеткізілгені сөз болды.

«Бүгінде Батыс Қазақстан облысы елімізде өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнес сияқты маңызды салалардың дамуына үлкен үлес қосып отыр. Түрлі бағдарламалар табысты іске асырылып, өңірдің экономикасы тұрақты өсіп келеді. Биыл 841 млрд теңге инвестиция тартылып, ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу, өнеркәсіп, туризм және тағы басқа салалар бойынша ірі жобаларды іске асыру көзделуде. Былтырғы

су тасқынының салдарын жоюға және зардап шеккендерге көмек көрсетуге қатысты Президентіміз жүктеген міндеттер жедел орындалғанын да атап өткен жөн. Биыл да су тасқынының алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Сенат өңірлердің мүддесін қорғайтын Палата ретінде облыстардың дамуына қолдау көрсету бағытындағы жұмысты жалғастыра береді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар сенаторлар Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде өңірдің белсенді жастарымен кездесті. Онда қолға алынған реформаларды іске асыру және ел дамуындағы жастардың рөлі жан-жақты талқыланды. Сенат Төрағасы атап өткендей, зияткер, білімді, жасампаз, заман талаптарына жедел бейімделетін жастар — елімізді жаңғыртудың қозғаушы күші. Сондықтан қазір жас буынға жүйелі қолдау көрсету үшін кешенді реформалар жүзеге асырылып, стратегиялық бағдарламалар мен мемлекеттік жобалар қолға алынады. Соның ішінде жаңа формациядағы мамандар даярлауды көздейтін бастамалардың мәні зор.

«Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізіліп жатыр. «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы іске асырылуда. «Келешек» жинақтаушы жүйесі туралы заң қабылданды. «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелде оқу және тағылымдамадан өту мүмкіндіктері кеңейтілді. Осылайша, өскелең ұрпақтың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге, сапалы білім алуына және жеке тұлға ретінде дамуына қажетті жағдай жасалып отыр. Сондықтан жастар да өз тарапынан ел алдындағы жауапкершілікті сезініп, Мемлекет басшысы белгілеп берген Әділетті Қазақстан қалыптастыру жолындағы міндеттерді іске асыру үшін бар күш-жігерін жұмсауға тиіс», — деп палата Спикері Сенаттың заңнамалық жұмыстарына назар аударды.

Сонымен қатар сенаторлар былтырғы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға арналып Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған үйлерге арнайы барды. Сондай-ақ жақында іске қосылған 150 орындық «Ақжайық» мүгедектігі бар адамдарды оналту орталығының қызметімен танысты. Мұнда ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін роботты кешендер қолданылатын емдік денешынықтыру кабинеті жұмыс істейді. Одан бөлек, орталықта бочча параспорттары бойынша жаттығу залы, оналтуға арналған арнайы кабинеттер қарастырылған бассейн және оқу ғимараты бар.

Депутаттар сусымалы жүктерге арналған бигбэгтер мен вагон төсемдерін шығаратын Packaging Systems ЖШС мен «Квант» жиһаз фабрикасының өндіріс технологиясымен танысты. Еңбек ұжымдарымен кездесулер барысында өңір тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелер мен өндірістерді одан әрі кеңейту және инвестициялар тарту тетіктері талқыланды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Заң жобасын Үкімет инновациялық қызмет саласын дамыту үшін жағдайларды жақсарту мақсатымен әзірледі. Бұл мақсатта бірінші инновациялық кластер құру және оның қатысушыларына қолдауды кеңейту ұсынылады. Осыған байланысты «Инновациялық технологиялар паркі» кластерлік қоры мен Astana Hub халықаралық технопаркін біріктіріп, қатысушылар үшін бірінші құқықтық алаң қалыптастыру көзделген. Сонымен қатар венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру кезінде конкурстық іріктеу және тиімділікті бағалау жүйесі енгізілмек. Бұдан бөлек, инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету шараларының ашықтығын арттыру үшін ұлттық инновациялық жүйенің «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуі ұсынылады.

Сондай-ақ Мәжіліс бірінші оқылымда күзет қызметі мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді талқылайды. Заң жобасын депутаттар күзет қызметтерін көрсететін және қызметтік қару қолданатын субъектілерге мемлекеттік бақылауды жетілдіру мақсатымен бас-тамашылық етті.

## ЖАС ТАЛАНТҚА – ЖАҢА ОРТАЛЫҚ



Президент тапсырмасымен Екібастұзда ашылған «Самғау» балалар шығармашылығы орталығы жеткіншектердің түрлі қабілеттерін дамытуға ерекше мүмкіндіктер ұсынады. Орталық 9 мыңнан астам жас талантты, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды да қабылдайды.

«Самғау» орталығында түрлі шеберлік сабақтары мен шығармашылық дәрістер өткізетін 50-ден астам білікті педагог жұмыс істейді. Орталық Екібастұз қаласы балаларының 70%-на дейін қосымша біліммен қамтып, олардың қабілеттерін ашып, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көмектеседі.

Бірінші қабатта би және театр залдары, сондай-ақ жеке музыка дәрістеріне арналған бөлмелер мен 275 орындық көрермен залы орналасқан. Балалар хореографиямен, театр өнерімен, вокалмен және аспапта орындау шеберлігімен айналыса алады. Екінші қабатта биология зертханасы, ландшафттық архитектура мен флористикалық дизайн студиялары, дебат және медиа орталықтар, сондай-ақ fashion-студия бар. Үшінші қабат толығымен IT-технологияларға арналған: мұнда робототехника мен компьютерлік модельдеу клубтары орналасқан.

Сонымен қатар Орталықта психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттері, үстел теннисі аймақтары және жаттығу залы бар.

## БАҒДАР

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

# ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА МҮДДЕЛІ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қытай коммунистік партиясы Орталық комитеті Халықаралық бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчаомен кездесті. Тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жайы мен келешегін талқылады.

Ерлан Қошанов Қазақстан мен Қытай қатынасы жаңа «алтын 30 жылдықта» мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында нығайтып келе жатқанын атап өтті.

— Бұл үздіксіз дамудың басты қозғаушы күші ретінде көшбасшыларымыздың жеке достық байланыстары мен ерен еңбегін айтуға болады. Әсіресе, соңғы жылдар қазақ-қытай қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеруде маңызды кезеңге айналды. Мемлекеттеріміздің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің салып берген жолымен парламентаралық байланыстарымызды одан әрі дамытамыз деп сенемін, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Палата спикері мәртебелі мейманға елдегі жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық реформалар туралы мәлімет беріп, парламентаралық ынтымақтастыққа жеке тоқталды.

Бұл орайда екі ел Парламенттерінің ықпалдастығын нығайтуда былтырғы Мәжіліс делегациясының Қытайға сапарының қарқын берді. Ерлан Қошанов бастаған делегация Бейжің, Үрімші қалаларында болып, елдің басшылығымен және Парламенттегі әріптестерімен жемісті келіссөздер жүргізген болатын.

— Екіжақты әріптестікті дамытуда заң шығарушы органдардың маңызы мен рөлі ерекше. Жалпы, екі ел Парламенттерінің

тәжірибе алмасатын, үйренетін тұстары аз емес. Біз парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Қытай тарапынан да дәл осындай ықылас бар екенін білеміз. Осы тұрғыда әріптестерімізбен заң шығару саласында түрлі бағыттар бойынша тәжірибе алмасып келеміз, — деді Ерлан Қошанов.

Екі ел арасындағы партияаралық әріптестіктің де келешегі зор. Әңгімелесу барысында тараптар «AMANAT» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін де талқылады.

Өз кезегінде Лю Цзяньчао елдеріміз арасындағы стратегиялық әріптестіктің одан әрі қарқынды дами беретініне сенім білдірді.

— Қытай Коммунистік партиясы мен «AMANAT» партиясын байланыстыратын ортақ мақсат көп. Ол — ең әуелі біздің мемлекеттеріміздің дамуы жолындағы жауапкершілік. Біз бірлесіп, көшбасшыларымыздың стратегиялық бағдарын ұстанып, елдеріміздің одан әрі дамуына күш салуға тиіспіз. Мемлекет басшыларының сенім мен сыйластыққа негізделген берік достығы халықтарымыз үшін өте құнды. Ендігі кезекте олардың уағдаластықтарын іске асыру — біздің партияларымыздың ортақ міндеті, — деді Лю Цзяньчао.

# ТҰРҒЫН ҮЙ ДАҒДАРЫСЫ УШЫҒЫП БАРАДЫ

Қазақстанда тұрғын үй мәселесі жүйелі проблемаға айналды, оны әдеттегі әдістермен шешу мүмкін емес. Бүгінде тұрғын үй кезегінде 658 мың азамат тұр, өкінішке қарай бұл сан жыл сайын өсуде. Оның ішінде 256 мыңнан астамы — әлеуметтік осал топтардың өкілдері. Мемлекеттік ауқымды бағдарламалар олардың қажеттілігін толық қамтуға қауқарсыз. Осы орайда «AMANAT» партиясының жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев тұрғын үйдің қолжетімділігі мәселесі өзектілігін жоғалтпағанын атап өтті.

«2019 жылы тұрғын үй кезегінде 552,5 мың азамат тұрса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 658 мың адамға жетті. Оның ішінде 256 мыңнан астамы — әлеуметтік осал санаттағы азаматтар. Өкінішке қарай, бұл көрсеткіш жыл санап өсуде. Мұндай статистика тұрғын үй қолжетімділігінің жақсармай, керісінше күрделене түскенін көрсетеді. Мемлекет пен жергілікті атқарушы органдар бұл азаматтарға нақты қолдау көрсетіп, олардың баспана жағдайын жақсарту үшін бірлесіп жұмыс атқаруы керек», — деді ол.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев тұрғын үйді үлестіру жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру қажеттігін баса айтты.

«Біздің сайлауалды бағдарламамыздың жүзеге асырылуы

елдің түкпір-түкпіріндегі халықтың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартты. Былтырғы жылы 16,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 1,5 мың тұрғын үй сертификаты табысталды. Әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға 4,5 мың жалдамалы пәтер беріліп, үлескерлер мәселесі шешіліп жатыр. Осылайша, партия сапалы баспананың қолжетімділігін кезең-кезеңімен арттыруда. Біздің негізгі мақсатымыз — қала мен ауыл тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру жағдайларын жасау. Бұл бағытта құрылыс нормалары мен ережелерін біріктіріп, қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ететін Құрылыс кодексі әзірленіп жатыр», — деді ол.

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Рахымжан Исақұлов 2029 жылға дейін жыл сайын 10 мың адамды сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отырғанын жеткізді. Ал Қаржы



вице-министрі Әсет Тұрысов 2025 жылғы республикалық бюджетте 5 139 пәтерді сатып алуға 71,9 млрд теңге, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға тұрғын үй төлемдері үшін 11 млрд теңге қарастырылғанын мәлімдеді.

«Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жансұлтан Матай жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары мен азаматтарды қолдау тетіктері туралы айтты.

«2019 жылдан бері «Отбасы банк» мемлекеттік бағдарламалар аясында 826 млрд теңгеге 79 мыңнан астам несие берді. Оның ішінде әлеуметтік баспана алуға 2% және 5% мөлшерлеменен несие рәсімдеу мүмкіндігі қарастырылған. Банк цифрлық мүмкіндіктер мен бірыңғай есепке алу базасын кеңейтуді жоспарлап отыр. Бұл баспана алу процесін оңтайландырып, қаржылай қолдау бағдарламаларына қолжетімділікті жеңілдетеді», — деді ол.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биахметов табысы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға кешенді әлеуметтік қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті. 2025 жылы республикалық бюджеттен бұл мақсаттарға 5,98 трлн теңге бөлінеді.

Кеңес мүшелері сондай-ақ өңірлердегі құрылыс және тұрғын үйді үлестіру жағдайын қарастырды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында 11 несиелік тұрғын үй салынып жатыр, оның 9-ы — 856 пәтерден тұратын үйлер жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Ұлытау облысында былтыр 272 отбасы жалдамалы баспананы қамтылды, тағы 30 отбасы «2-10-20» бағдарламасы бойынша үй сатып алды. Ал Шымкентте биыл «Отбасы банк» бағдарламалары арқылы кезекте тұрғандарға 2 200-ден астам пәтер беру жоспарланған.

Отырысты қорытындылай келе, қатысушылар кейбір өңірлерде кезекте тұрған азаматтар саны мен тұрғын үй беру көлемі арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін атап өтті. Алматыда 40 мыңнан астам адам баспана кезегінде тұрса, соңғы екі жылда тек 8 129 азаматқа пәтер берілген. Ұлытау облысында 6 мыңға жуық адам кезекте тұрса, бір жыл ішінде небәрі 300 пәтер бөлінген. Бұл көрсеткіштерді ескерсек, түбегейлі шаралар қабылданбаса, тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкін болмайды.

«Шығыс Қазақстан облысында 20 мыңнан астам, ал Шымкентте 52 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр. Мұндай жағдайда азаматтар жылдар бойы баспанасын күтуге мәжбүр болады. Біз бұған жол бере алмаймыз. Халық нақты нәтиже көргісі келеді, жалаң есептерді емес», — деді Берік Бейсенғалиев.

Отырыс қорытындысы бойынша Кеңес тиісті министрліктер мен әкімдіктерге нақты ұсыныстар әзірледі. Атап айтқанда, тұрғын үй құрылысына қаржыландыру көлемін ұлғайту, тұрғын үйді есепке алу және үлестірудің цифрлық құралдарын жетілдіру, сондай-ақ тиімділіктің нақты көрсеткіштерін әзірлеу ұсынылды. Кеңестің жұмыс топтары осы тапсырмалардың орындалуын тұрақты түрде бақылап, келесі отырыста аралық нәтижелерді ұсынатын болады.

Елнар ЕЛТАЙ



## ДАМУ

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Соның арқасында елде көптеген жаңа индустриялық-инновациялық жоба іске қосылады. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында елдің «жаңа өнеркәсіптік қарқасын» қалыптастыруды жүктеді. Бұл мақсатқа жету Үкіметтің жұмысы инвестициялық ахуалды жақсартуға, озық технологияларды трансфертеуге, өндірістерді локализациялауға және инновациялық кластерлер құруға бағдарланды.

Энергетика министрі Алмасдам Сәтқалиевтің айтуынша, келесі 2026 жылы Қашағанда қуаты 1 миллиард м<sup>3</sup> шикізат өңдейтін жаңа газ өңдеу зауытын, «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбырын және «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ тұңғыш атом электр стансасын салу, бейбіт атом саласын дамыту мәселелеріне мән беріледі.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, осы кезеңде барлық дерлік секторға жасанды интеллектіні енгізуге екпін түсіріледі. Осы мақсатта дата-орталықтардың қуатын ауқымды кеңейту жүзеге асырылады. Ал бұл Қазақстанның өңірлік IT-хаб ретіндегі ұстанымын нығайтады.

Мысалы, елімізде гипермасштабталатын деректерді өңдейтін ең ірі орталықтар (ГДӨО) құрылmaq. Оны салуға сингапурлық инвесторлар – GK hyperscale Ltd компаниясы тартылды. Ақмола

Қазақстан Президенті өз Жолдауында Үкімет алдында 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға дейін жеткізу, яғни екі есе арттыру бойынша ауқымды міндет қойды. Бұл тарихи белесті бағындыруға «Жаңа индустрияландыру» жәрдемдеседі. Оның аясында ESG қағидаттарын ескеріп, кемінде 150 млрд доллар шетелдік инвестиция тарту жоспарланып отыр.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ КӨП

және Қарағанды облыстарында жалпы қуаты 200 МВт болатын 2 ГДӨО салу үшін 690 миллиард теңге инвестиция тартылады. Орталықтарды құру Қазақстанға Microsoft, Google, Amazon сияқты халықаралық технология алпауыттарын, сондай-ақ үлкен деректермен және машиналық оқытумен жұмыс істейтін компанияларды тартуға мүмкіндік береді.

Жобаның бірінші кезегі 2027 жылы, ал ГДӨО 2030 жылы толық іске қосылады деп жоспарланған. Цифрлық даму министрлігінің сендіруінше, жоба жалақысы жоғары жұмыс орындарын ашады, Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосады, цифрлық экономиканы дамытудың драйверіне айналады, отандық IT-қызметтер экспортын едәуір арттырады.

Жаңа индустриялық-инновациялық даму аясында ғылыми



жетістік, өнертабыстарды коммерциаландыру маңызды. Стартаптар бизнесін жеделдетудің

AI-Sana бағдарламасы іске қосылады. Ғылым және жоғары білім министрлігі ғалымдардың әзірле-

мелері негізінде экспортқа бағдарланған өндірістер жолға қойылғанын хабарлады. Мысалы, Satbayev University-дің Металлургия және кен байыту институты әзірлеген технология селеннің қосылған құнын 30%-дан 99%-ға арттырды. Балқаштағы «Қазақмыс Прогресс» кәсіпорнында алғаш СТ-1 маркалы техникалық селен вакуумдық дистилляция әдісімен өндірілді. Алғашқы 100 тонналық партия экспортқа жолданып, 1,3 миллиард теңге таза табыс әкелген. Бұл технология түсті металлургияның әлемдік стандарттарына сай өнім өндіруге мүмкіндік берді.

Бүгінде 264 ғылыми-техникалық бағдарлама, 2,3 мың ғылыми жоба және 208 коммерциаландыру жобасы қаржыландырылып жатыр. 6 жыл ішінде ғылымды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру көлемі 6 есеге ұлғайып, 2025 жылы 252,5 млрд теңгені (шамамен 460 млн долларды) құрады. Ғылымды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, саланы қаржыландыру ЖІӨ-нің 1%-ына дейін артады. Егер 2029 жылға қарай экономика көлемін 450 миллиард долларға жеткізу мақсаты орындалса, онда ғылымға 4,5 миллиард доллар бағытталмақ. Ендеше индустриялық-инновациялық даму жарқын болашақ жолындағы жасампаз істерге серпін мен қуат берді.

Елдос СЕНБАЙ

## МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУ САЛАҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Қазақстандағы қалдықтарды басқару мәселесі өзекті болып отыр. Әсіресе, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу деңгейінің төмендігі үлкен проблемаға айналған. 2024 жылы тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі 26%-ды құрады, бұл жоспарланған 30%-дан төмен. Кейбір өңірлерде, соның ішінде Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында, сондай-ақ Алматы мен Шымкент қалаларында бұл көрсеткіш өте төмен.



Елшір ҚАБА (қолжазба)

Қайта өңдеу ісінің баяу жүруіне экономикалық ынталандырудың әлсіздігі әсер етіп отыр. Тұрмыстық қалдықтарды басқаруға жауапты кәсіпорындардың тарифтері нақты шығындарды өтемейді. Бұл өз кезегінде салаға инвестиция тартуды қиындатады. Қазір Қазақстанда қалдықтарды басқару жүйесін реформалау қажеттігі айқын көрініп отыр. Бұл үшін

экономикалық ынталандыруды күшейтіп, тариф саясатын қайта қарау керек. Осы салада мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті енгізудің басты артықшылығы – жеке инвестицияларды тарту арқылы қалдықтарды басқару саласына заманауи технологияларды енгізу. Жеке кәсіпорындар жаңа қондырғылар мен өңдеу әдістерін пайдалану арқылы қалдықтарды

қайта өңдеу деңгейін арттырып, экономикалық тиімділікті қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау арқылы жекеменшік кәсіпорындарға ұзақмерзімді кепілдіктер беріліп, қаржылық тұрақтылық сақталады.

Сондықтан елімізде пластик, шыны және металл қалдықтарын өңдейтін зауыттарды дамыту қажет, себебі кейбір өңірлерде мұндай кәсіпорындар мүлдем жоқ. Сондай-ақ Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея тәжірибесін ескере отырып, жаңа технологияларды енгізу маңызды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті кеңейтіп, Үкімет жеке секторды осы салаға тартуға барынша жағдай жасауға тиіс. Қалдықтарды өңдеу тек экологиялық емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді. Егер бұл мәселеге дұрыс көңіл бөлінбесе, елдегі полигондар толып, экологиялық жағдай одан әрі нашарлай беретіні сөзсіз. Жакында өткен Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев осы мәселеге тоқталған болатын.

– 2021 жылы жаңа Экологиялық кодекс қабылданғаннан бері тұрмыстық қатты қалдықтарға (ТҚК) арналған тарифтер қайта қаралып, бекітілуі тиіс еді. Бүгінде еліміздегі 211 аудан мен қала ішінде 155-інде ғана тарифтер жанартылды. Алайда қолданыстағы тарифтер арнайы кәсіпорындардың нақты шығындарын өтемейді, – деді министр.

Бұл мәселені шешу үшін министрлік мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) механизмін енгізуді ұсынды.

Оның аясында ТҚК үшін шекті экономикалық негізделген тарифті бекіту және оны анықтау құзыретін әкімдіктер деңгейінде белгілеу жоспарлануда. Сонымен қатар ағымдағы тариф пен жаңа ұсынылған тариф арасындағы айырмашылықты утилизациялық төлемдер есебінен жабу көзделіп отыр.

ТҚК тарифтерін кемінде әр үш жыл сайын қайта қарастыру туралы заңнамаға өзгерістер енгізу жоспарланған. Сондай-ақ былтырғы жылдан бастап EcoQolday бағдарламасы қайта жанданды. 2025 жылға осы мақсатта 9,2 миллиард теңге бөлінбек.

Министр Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, бұл төлемдер қалдықтарды бөлек жинау мен қайта өңдеуді ынталандыруға бағытталған. Мысалы, жинап, қайта өңделген әр тонна полимерлік қалдық үшін 2024 жылы 71 мың теңгеден астам төлем қарастырылған.

Сонымен қатар ірі қалаларда кокыс өңдейтін зауыттар салу жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында утилизациялық алым есебінен жеңілдетілген қаржыландыру механизмі бекітілді. Ол жылдық 3% мөлшерлеменен, 15 жылға дейінгі мерзімге, екі жылға дейінгі жеңілдікті кезеңі бар несиелерді қамтиды. Бүгінде әкімдіктер ұсынған 317 миллиард теңге сомасындағы 67 жоба Экология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан мақұлданды.

МЖӘ дұрыс жүзеге асырылса, Қазақстанда қалдықтарды басқару саласы жаңа деңгейге көтеріледі. Бұл қоршаған ортаға түсетін зиянды азайтып қана қоймай, экономикалық тұрғыдан да пайдалы болмақ. Қалдықтарды қайта өңдеу арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, өндірістік сектор дамиды, ал экологиялық жағдай жақсартады.

Ә.МҰХАНБЕТ

## БІЗДІҢ СҰХБАТ

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



шығындарға тұқым, тыңайтқыштар, химия, техника, дизель отыны және қызметкерлердің жалақысы кіреді. Егер сіз барлық компоненттерді алдын ала сатып алсаңыз, онда баға бөлек болады, ал егер сіз оны егін егу немесе ору маусымында, тіпті несиеге алсаңыз, онда баға өседі, көбінесе 30-40% және одан да көп пайызға қымбаттайды. Ақшаның да өзіндік құны бар: банктер фермерлерді құ-

— Бұл өнімділікке қалай әсер етті?  
— 2024 жылдың қорытындысы бойынша, өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемі 21,1%-ға ұлғайды. Бұл ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 13,7%-ға өсуіне ықпал етіп, 8,3 трлн теңгені құрады. Бұл көрсеткіш экономиканың барлық салалары арасында нақты көлем индексінің ең үлкен өсуі болып табылады.  
Жоғары нәтижелердің арқасында өсімдік шаруашылығында бір жарым жылдық шөп қоры дайындалды, қалған азық үшін қажетті қажеттіліктің 111%-ы. Бұл мал шаруашылығы саласының дамуына оңсерететініне сенімдімін.  
— Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында Мемлекет басшысы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ерте қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл бағытта не істелді?

оның ішінде мал шаруашылығы өнімі бойынша — 3 523 кәсіпорын, өсімдік шаруашылығы өнімі бойынша ҚХР тізіміне 2 437 кәсіпорын енгізілген. Биыл жұмыс жалғасып, күшейтілуге тиіс.

Сонымен қатар дәстүрлі емес, шалғай, бірақ өте перспективалы нарықтарға қол жеткізу үшін тауарларымыздың логистикасын арзандату бойынша біршама қадам жасалды. Өткен жылы біз қазақстандық бизнесіңізге өлеуетті серіктестерінің қатысуымен бірқатар В2В кездесулер өткіздік. Биыл АӨК өнімдерін өндірушілерді мүдделі сатып алушылармен және серіктестермен тікелей байланыстыра отырып, осы тәжірибені жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Бірақ тағы да, біздің тауарларымыз бәсекеге қабілетті болуы үшін өндіріс құнын төмендетуге қамқорлық жасау керек, яғни өнімділік пен тиімділікті арттыру үшін жұмыс істеу керек.

Жалпы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша, АӨК өнімінің экспорты 5,1 млрд АҚШ долларын құрады, АӨК өнімі экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімнің үлесі 52%-ды құрады. Қазақстаннан экспортталатын АӨК негізгі өнімдері — бидай, арпа, күнбағыс және зығыр тұқымдары, ұн, күнбағыс майы, картоп, минералды және газдалған су, мақта талшығы болып табылады.

Экспорт географиясы әлемнің 70-тен астам елін қамтиды. Біздің негізгі дәстүрлі нарықтарымыз — Орта Азия, ЕАЭО, Ауғанстан, Қытай, Түркия, Иран, ЕО елдері.

Қазақстан жыл сайын шамамен 7-10 млн тонна астық экспорттайды, бұл ретте 2024 жылғы жоғары өнімділікке байланысты жана егіннің экспорттық өлеуеті 12 млн тоннадан астам астықты құрайды.

Бұл ретте ҚТЖ деректері бойынша, жана егіннің астығын тасымалдау көлемі (24/25 жылғы қыркүйек-ақпан) 5,8 млн тоннаны құрады немесе 23/24 жылғы ұқсас кезеңнен (3,8 млн тонна) 53%-ға көп.

— Сіз инвестициялық тартымдылық туралы айттыңыз. Мемлекет басшысы инвестиция тартуға көп көңіл бөледі. АӨК-те қандай қадамдар жасалуда? Инвестициялау үшін қандай секторлар перспективалы болып есептеледі?

— Шынында да, бұл біз үшін өте маңызды мәселе. 2024 жылы АӨК негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 1,1 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден 104%-ға жоғары.

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін Қазақстанда инвестициялық субсидиялар, арзандатылған несиелер және салықтық преференциялар сияқты мемлекеттік қолдау шаралары іске асырылуда. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін ҚКС төлеу бойынша жеңілдік көзделген.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы ірі өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды іске асыруда, Солтүстік Қазақстан облысының табысты тәжірибесін тарату жалғасуда. Жобаларға несиелер беруге 2024 жылы 100 млрд теңге бөлінді. Қаражат 65 тауарлық сүт фермасын қаржыландыруға арналған, бұл жылына қосымша 372 мың тонна сүт өндіруге мүмкіндік береді. 2025 жылы несиелік бағдарламаға 200 млрд теңге бағытталды.

Ет, сүт және астықты тереңдету өңдеу және өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығын дамыту, тері мен жүнді және мақтаны өңдеу басымдыққа ие.

Биыл Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2025-2027 жылдарға арналған АӨК инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі жол картасын әзірледі, оның шеңберінде 2,4 трлн теңгеге 632 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұдан бөлек, 264 жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Инвестициялардың ең көп саны қайта өңдеу, құс және жылыжай жобаларына тиесілі.

Шетелдік инвесторлар да үлкен қызығушылық танытуда. Соса-Cola ірі трансұлттық компаниясы үшінші зауытты іске қосты. Оның қуаттылығы — жылына 283 миллион литр өнім. PepsiCo және Carlsberg шамамен 500 миллион АҚШ долларын инвестициялауға ниетті. Бұл мысалдардың бір бөлігі ғана.

— Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Айдарбек САПАРОВ, Ауыл шаруашылығы министрі:

# ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МАҢЫЗДЫ

(Басы 1-бетте)

— Айдарбек Сейпілұлы, былтыр Қазақстан соңғы 13 жылда алғаш рет дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардан бұрын-соңды болмаған мол өнім жинады. Бұл көрсеткішке шаруаларды мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде қол жеткіздік пе әлде ауа райының біршама қолайлы болуы сияқты өзге факторлар әсер етті ме?

— Әрине, өткен маусым Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін маңызды болды. Біз рекордтық өнім жинадық. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, өңделгеннен кейін салмағы 25,2 млн тонна астық бастырылды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 8,1 млн тоннаға немесе 47%-ға көп. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік беріп қана қоймай, экспортқа жана мүмкіндіктер ашты.

Осы тұста өнімді ұлғайту деген жоғары көрсеткіш алу үшін жарысу емес, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ұмтылыс екенін атап өткім келеді. Яғни, бізде 2024 жылы егіс алаңдары ұлғайған жоқ, егіннің мол болуы өнімділіктің артқанынан болды.

Қазақстанда 3,2 млн тонна майлы дақылдар, 3,9 млн тонна көкөніс, 2,9 млн тонна картоп, 563 мың тонна күріш жиналды. Қант қызылшасынан бұрын-соңды болмаған өнім алынды: гектарынан 507,3 центнер өнімділікпен 1,3 миллион тонна жиналды. Қызылша мен майлы дақылдар бойынша алынған өнім өңдеу кәсіпорындарының қуатын толық іске қосуға мүмкіндік береді. Қант зауыттарында қант өңдеуге кезек пайда болды, өнімнің бір бөлігін Қырғызстанда өңдеуге тура келді. Бірақ бұл жағдай өңдеушілерге ой салуы керек деген пікірдеміз. Яғни, фермерлердің жоғары өнім ала алатындығына олардың көзі жетті деп ойлаймын. Бұл жана қант зауытын салуға қызығушылықты арттырды.

Қазақстандық май жетекші экспорттық өнімдердің біріне айналды, ал фермер өнім жоғары және пайда болмаса май өндіре қоюы неғайбыл. Қысқасы, былтырғы нәтижеге фермерлердің қажырлы еңбегінің арқасында, қолайлы ауа райы және айтарлықтай мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткіздік.

— Сонда қандай мемлекеттік қолдау болды? Нақтыласаңыз.

— Былтыр қаржыландырудың жеткіліксіздігі мәселесін шешуде бір қадам алға жылжыды. Қолжетімді айналым қаражаты неге соншалықты маңызды? Кез келген бизнесте рентабельділікпен жұмыс істеу өте өзекті болып есептеледі. Ал рентабельділікке қол жеткізудің бір жолы — өзіндік құнның төмендеуі. Ауыл шаруашылығындағы өзіндік құн неден тұрады? Соны тарқатып көрейік. Өсімдік шаруашылығында 1 гектарға келетін

шақ жая қарсы алмайды (әдетте, кепілдер, тәуекелдер мәселесіне байланысты), сондықтан шаруалар кез келген жерден 30-40%-бен несие ала береді! Мұның бәрі өсімдік шаруашылығы өнімдерін қымбаттатады. Ал мал шаруашылығы үшін негізгі шығын — жем, яғни біз қайтадан өсімдік шаруашылығына ораламыз. Өйткені малдың жемі — өсімдік шаруашылығының өнімі.

Сондықтан Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені жеңілдетілген несиелерге аса мұқтаж болды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша көктемгі егіс жұмыстарына жеңілдікпен несие беру көлемі алғаш рет 580 млрд теңгеге дейін жеткізілді. Алдыңғы жылдары, өздеріңіз білетіндей, бұл көлем 180 млрд теңгеден аспаған. Ең бастысы, несие 5%-бен, пайыздық мөлшерлемеге субсидия күтпестен беріледі, қарыз алу үшін сансыз қағаз жинаудың қажеті жоқ.

— Ал кепіл мәселесі не болды? Жеңілдігі ме? Жаңа сөз арасында Сіз банктер несие беру үшін шаруалардан кепіл талап ететінін түспалданыңыз ғой.

— 2024 жылы «Даму» ҚДК қарыздарына кепілдік беру тетігі енгізілді, ол қарыз сомасының 85%-ын жабады. Бұл шара көптеген кәсіпорындарға кепілзаттың жеткіліксіздігі мәселесін шешуге көмектесті.

Үкімет үшін несие беру арналары түріндегі «тар мойынды» жою да маңызды. Енді шаруалар ЭКК арқылы, «Аграрлық несие корпорациясы» (АНК) облыстық филиалдары арқылы несие ала алады, бұл оларға таңдау береді.

Қабылданған шаралардың әсерін бірінші кезекте шағын және орта бизнес сезінді: қарыз алушылардың 90%-ы шағын бизнеске, 9%-ы орта бизнеске жатады. Жеңілдетілген несиелуге бөлінген қаражаттың 89%-ын шағын және орта шаруа қожалықтары алды. Сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын төмендетуге оралайық. Субсидиялаудың жана ережелері бойынша фермерлер үшін қазақстандық тыңайтқыштардың құны оның 40%-ын құрайды. Бұл отандық тыңайтқыштарды алдын ала субсидиялау механизмінің арқасында мүмкін болады: зауыт субсидия алады, ал фермерлерге арзандатылған өнім береді. Нәтижесінде, 2024 жылы енгізілген тыңайтқыштардың көлемі 2 есеге артып, 1,2 млн тоннаға жетті. Сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру үшін жеңілдетілген лизинг бағдарламасы, яғни техникалық жанарту жұмыстары маңызды. 2024 жылы шаруалар 22 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды, бұл техника паркін 5,5% деңгейде жанартуға әкелді.

Биыл бұл мақсаттарға 200 млрд теңгеге дейін, ал Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бағдарлама бюджетін 450 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда.

Мемлекеттік рәміздер – кез келген мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігін айқындайтын маңызды атрибуттар. Оларды құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті әрі патриоттық борышы.

Атап айтсақ, «Менің Туым, менің Отаным!» акциясы аясында қазақстандықтар мемлекеттік Туды үйлеріне, көліктеріне іліп, патриоттық көңіл күй қалыптастырып жүр. Қазір қала көшелеріндегі әр үйдің терезесінен қазақтың көк байрағын жыл он екі ай көруге болады. Себебі Қазақстанда азаматтарға мемлекеттік Туды жеке үйлеріне, балкондарына ілуге 2022 жылдың 4 шілдесінен бастап рұқсат берілді. Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» заңына енгізілген түзетулерден кейін қабылданды. Бұған дейін Туды тек мемлекеттік мекемелерде, халықаралық шараларда және ресми іс-шараларда қолдануға рұқсат етілген болатын. Бұл бастама қоғам тарапынан үлкен қолдауға ие болып, көптеген қазақстандықтар үйлеріне мемлекеттік Туды мақтанышпен іле бастады.

## РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТ – АЗАМАТТЫҚ



Сонымен қатар 2024 жылы рәміздер күнінде 500-ге жуық іс-шара өткізілді. Қала тұрғындары мен қонақтарына 500 жалау тегін таратылып, танымал әртістердің қатысуымен концерт ұйымдастырылған. Бірлік пен отансүйгіштікті дәріптеген жиындарға, әсіресе жастар белсене қатысуда. Олар Әнұран орындауға бүкіл туыстарын шақырып әкелген. Форум

аясында Ту шеруі де өткізілген. Сондай-ақ Талғат Бигелдинов атындағы «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушілері көк байрақтарды желбіретіп, сап түзіп жүріп өтті. Мұндай ерекше іс-шаралар еліміздің түкпір-түкпірінде өткізілді. Айрықша есте қалғаны Қонаев қаласы. Онда парашютистер еліміздің көк байрағын көкте желбіретсе, 30 байкерден

тұратын мотоциклшілер шеруі жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлады.

Елімізде Мемлекеттік рәміздерге ұқыпты және құрметпен қарау қарқынды түрде насихатталғанына қарамастан, оларға лайықты құрмет көрсетпейтіндер де табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Мемлекеттік рәміздерге құрметсіздік танытқан азаматтар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 458-бабына сәйкес:

Мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға 200 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде айыппұл салынады немесе 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады.

Егер рәміздерді қорлау ауыр құқықбұзушылық ретінде танылса,

Қылмыстық кодекстің 372-бабына сәйкес, кінәлі тұлғаға ірі көлемде айыппұл салынып, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін. Мәселен, таяуда ғана Атырауда бет-жүзін тұмшалаған бірнеше қыздың мемлекеттік Туды өзгертілген нұсқада ұстаған фотосы әлеуметтік желіде тарап, қоғамның қызу талқысына түсті. Атырау облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, суретке түскен төрт күдікті анықталып, олар полиция бөлімшесіне жеткізілген. Артынша-ақ мониторинг нәтижесінде 2 заңбұзушылық анықталған: ТМД аумағында танымал екі үлкен маркетплейсте стандартқа сай емес Қазақстан Туы сатылған. Бүгінде аталған мәселе бойынша «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» бабымен қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Мемлекеттік рәміздерді дәріптеу – ел азаматтарының патриоттық рухын көтеретін маңызды жұмыс. Рәміздерді құрметтеу арқылы біз тәуелсіздігімізді нығайтып, ұлттық бірлікті күшейте аламыз. Сондықтан бұл бағыттағы шаралар үнемі жалғасып, қоғамның барлық саласында қолдау табуы қажет.

К.ЕСІМ

## ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Астана кәсіптік-техникалық колледжінде наурызнаманың онкүндігі аясында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Көңілді старт» атты отбасылық эстафета өтті.



«Отбасы – бақыт мекені» ұранымен ұйымдастырылған сайыстың мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттау, спорт рухын дамыту және саламағты өмір салтын насихаттау. Іріктеу және финал кезеңінен тұратын эстафетаға 35 жасқа толмаған жас отбасылар қатысты. Сайыс барысында отбасылар ұлттық киім киіп, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпы мен мәдениетінің салтанатын асырып,

түрлі спорттық ойын ойнап, өзара бақ сынасты.

Сайыстың ашылу салтанатында Эстетикалық гимнастика федерациясының президенті, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Мадина Бектұрғанова қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл эстафета жыл сайын

өтетіндіктен, бүгінгі күні елордалық отбасылар үшін дәстүрге айналып үлгерген. Эстафета жеңімпаздары ақшалай сыйлықтармен марапатталып, алғысхаттар алды. Мәселен, бірінші орынға 200 мың теңге сыйлық берілсе, екінші орын – 150 мың теңге, үшінші орын 100 мың теңгеммен марапатталды. Белсенділік танытқан 12 отбасыға 20 мың теңгеден сыйлық үлестірілді.

– Биыл жарысқа 20-дан астам отбасы қатысты. Сайыс ерекше мерекелік көңіл күйде өтті. Іріктеу кезеңінен өткен 15 үздік отбасы жылдамдық, ептілік және ұйымшылдықты талап ететін қызықты сайыстарда бақ сынады. Бұл күн барлық қатысушыға ұмытылмас әсер қалдырды деп сенеміз, – деді Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Балжан Қолғанат. Ал Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев, барлық қатысушыға шынайы эмоциялары мен отбасылық құндылықтарды және саламатты өмір салтын насихаттағаны үшін алғыс айтты.

Жарыс қорытындысында жеңімпаз отбасылар атынан Мейрамхан Тіллаев ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

– Бұл эстафетаға бірнеше жылдан бері қатысып келеміз. Жүлде ұтып алған кезіміз де болды, ал енді бірде қатысқанымыздың өзінен ләззат аламыз. Бұл біздің отбасымыз үшін жақсы дәстүрге айналды. Отбасы құндылықтары мен ұлттық мәдениет осындай ойындар арқылы дамитыны қуантады, – дейді эстафетаға қатысушы Мейрамхан Тіллаев.

Тілек ҚАБЫЛ

## АПОРТ ҚАЙТА ОРАЛАДЫ

Алматы облысында әйгілі «Апорт» бақтарын отырғызу басталмақ.



2025-2028 жылдарға арналған жоба аясында 25 мың көшет және 110 гектар алқапта алма бақтары отырғызылады. Қазір таңда жоба толық қаржыландырылып, Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты қызметкерлері Жол картасын іске асыруға кірісті.

– Біз бұл сортты жаңғырту отандық бау-бақша шаруашылығын дамытудағы маңызды қадам болатынына және қазақстандықтарды сапалы әрі дәмді жемістермен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне сенімдіміз, – деп атап өтті Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы өкілдері.

Жаңа бақшалардан алғашқы өнім сегіз жылдан кейін алынады деп күтіледі. Ғалымдар заманауи агротехнологияларды ескере отырып, өнімділік алғашқы кезеңдерінде бір ағашқа 57,7 келі және ересек ағашқа 100 келі дейін жететініне сенімді.

«Апорт» алмасы – тек ерекше дәмімен ғана танымал емес, сонымен қатар ұзақ сақталатын жеміс, осының арқасында алыс-жақын елді мекендерге оңай тасымалдауға болады. Заманауи технологияларды қолдану арқылы апортты маусым айларына дейін сақтауға мүмкіндік бар.

Мамандардың пікірінше, апорттың қайта жандануы шаруа қожалықтарының дамуына жаңа мүмкіндіктер беріп, ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға жол ашады.

М.ЖАСЫН

## АБАЙ ЖОЛЫ

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Уақыт өзгермелі. Адам табиғаты сонша күрделі. Өлшем ұдайы жетіліп отырмақ – заңдылық. Әлемдік әдебиет тарихы тәжірибесіне қарап отырсақ, қызық құбылыстардың қуәсі боламыз. Біреу бар – өмір бойы даңқты ерттеп мініп, халық тарапынан көрген құрмет, махаббат пен естіген марапат сөзден басы айналып өтеді. Ғажабы ол да емес. Ең ғажабы, сондай бір халық басына көтерген ондай даңқ иелерінің жүзін суық топырақ жапқан соң-ақ тіршілігінде тірнектеп жиған абырой-беделі арзандап, даңқы бордан жасалған мүсін (бюст) секілді мүжіліп тоза береді, тоза береді. Ақыры күндердің күнінде белгісіздік тұманына батып ізім-қайым жоғалады. Демек, даңқ та өзгермелі. Дүбірлеген даңқ та баянсыз. Айталық, ұлы ақын А. Пушкин төңірегінде тіршілігінде даңқы дүбірлегені соншалық, қазір әлем атақ-даңқына қарап отырған Александр Сергеевичтің өзіне көлеңке түсіріп, көлегейлейтін дарындар болды.

Күні кешеге дейін келген А.Пушкин ұлы ма, әлде Некрасов ұлы ма дейтін орайсыз салыстырулар тіршіліктегі атақ, даңқтан өрістейтін, туындайтын мәселелер. Әйтпесе, ұлы жазушы А.Чеховты қазіргі оқырман шығармасын оқымақ түгілі атын естімеген қайдағы-жайдағы бір Павленкодан төмен қойған ғой уақытында. Атақты Соллогуб, Лажничковтар қайда бұл күнде? Демек, әдебиеттегі мәңгілік – жүзден жүйріктің емес, мыңнан бірдің ғана маңдайына жазылар сирек бақыт. Бұл – мәселенің бір қыры. Енді мәселенің екінші бір қыры және бар.

Біреу бар, өмір бойы халық деп атой салып ұрандамай-ақ еңбегім ерекше сінді, маған неге сыйлық бермейсің, лавр жапырағын қашан жапсырасың маған демей-ақ қойдан қоңыр көптің бірі болып қана жүреді, бірақ халықтық іспен ғұмыр кешеді. Бұл да ғажаптың бір түрі. Құдай берген дарынды жұрт алдында жарқыратып жасамай, жасырынғандай болып үн-түнсіз істеу де келісіп тұрған жоқ. Амал қанша, бұл да бір жұмбақ табиғат. Ғажабы да бұл емес. Ең ғажабы, ғұмырды елеусіз бұйығы өткізген адам дүниеден көшкеннен соң аз-кем уақыттан кейін ондай жұмбақ жандардың даңқы жұртты қайран қалдырып қайыра өсе бастайды. Тіпті, ондайлар бір халықтың мақтанышына, ұлттық мөріне, азаматтық арына айналатынын қайтерсің. Айталық, «Афоризмдер» жазған неміс философы Лихтенберг. Тіршілігінде кісі екен деп қарады ма екен оған қатар ғұмыр кешкен әріптестері? Шығармасы халыққа кең тарамады, қатары мойындамады, аяулы философ аштан өлді. Қазір неміс философиясын сөз еткенде ауызға алдымен Лихтенберг есімі ілінеді. Оның «Афоризмдерін» оқымайтын адам бар ма қазір?! Әйтпесе, «Ақыл қалтаны» (карманный оракул) жазған Балтасар Грасианды алайық. Ол өз отандасы Маркестен әлдеқайда бұрын туып, әлдеқайда кейін танылды. Және өз отандастарының қайсысынан да оның туындылары ұзақ жасайтыны күмән туғызбаса керек.

Әлемдік ой тарихында мұндай мысал әңгімелер көп-ақ. Тікелей әдебиеттануға келгенде өткен ғасырда өмір сүрген Потебня, күні кеше арамздан кеткен Бахтиннің қайсысының шекесі шылқыды екен даңқтан? Ешқайсысының да! Қазір әдебиеттегі ең өміршен теория, жеңімпаз еңбек аталған актанкерлердікі!

Жә, онсыз да соқтықпалы, бірақ соқпақсыз әдебиет әлеміндегі бұралан жолдарды кезе бермей, тақырыбымызға

тура көшейікші, айтарымызды бұландатпай тура ашық айтайықшы. Сап, көңілім, сап! Әуелі бір сұрақ, жоғарыда айтқан әңгімелер сапырма мысал болып қалмау үшін ойланайықшы: осы бізде де тіршілігінде бағаланбаған, бағы жанбаған адамдар жоқ па екен? Бар. Болғанда қандай! Қазақ асылын көзі тірісінде бағалай бермейтін, бағалай білмейтін, баландық басынан арылмаған халық. Басқасын қоя тұрып, профессор Бейсембай Кенжебайұлы тағдырын еске алсақ та бұған көз жеткіземіз.

Өз халқының жамандығын көре білмеген жақсылығын да парықтай білмесе керек. Өзінің терісін танымаған кісі



**Бейсембай Кенжебайұлы бірінен-бірі, бір кезеңнен екінші кезеңі ызғарлы, бір басшысынан екінші басшысы қытымыр уақытта өмір сүріп, еңбек етті. Бірақ ол өзінің көп замандастары секілді уақыт айтты бітті, партия айтты көндім деп құлдық ұра бермей, ұлтының ұлы мұратына бойлап, жұртының жарқын болашағын ойлап ғұмыр кешті.**

өзгенің оң ісін бағалап қай оңдырады? Біздің азаматтар даңқ сүйеді, мансап үшін күйеді, атаққа бас игіш, ғылым үшін айтысуға жоқ, жеке басының ісі, мүддесі үшін бірін-бірі орға жығуға бар халық қой. Әсіресе, зиялы, әсіресе ғылыми орта, әсіресе жазушылық орта... Ал ондай жерде теңгермешілікке жол берілмей тұра ма? Теңгермешілікке жол берілген жерде асыл жасымай, жасық асылға танылмай тұра ма, сірә? Ондай жерде еңбегі жоғы – бар, еңбегі бары жоқ боп көріну, біреу бейнетін кешу, екінші біреу зейнетін көру қалыпты жағдайға айналады. Қазақ ғылымы атақты адамдарға кенде емес. Қазақ ғылымы қай уақытта да шын ғалымдарға кенде. Күні бүгінге дейін ұлттық ойдың әлемдік кеңістікке шықпай жатқаны, атақты ғалым деп танып абырой-беделінің алдында қол қусырып келген дардай адамдарымыздың қуыс қурай шыға беретіні де сондықтан.

Жә, жә, таусылмайық. Одан да Бейсембай Кенжебайұлы тағдыры жайлы әңгімемізді сабақтайық. Ол кім? Кім деп сұрақ қойып, жанадан таныстырарлықтай атымен белгісіз адам емес, Бейсембай Кенжебайұлы! Белді, белгілі ғалымның



## АБАЙТАНУДАҒЫ

## (Батыр ғалым Бейсембай Кенжебайұлының

бірі болып өтті дүниеден. Алайда көбіміз сол «белгілі» эпитетімен шектеліп жүрміз. Ғалымның шын болмысын, шын келбетін білмейміз. Ал Бейсембай Кенжебайұлы бірінен-бірі, бір кезеңнен екінші кезеңі ызғарлы, бір басшысынан екінші басшысы қытымыр уақытта өмір сүріп, еңбек етті. Бірақ ол өзінің көп замандастары секілді уақыт айтты бітті, партия айтты көндім деп құлдық ұра бермей, ұлтының ұлы мұратына бойлап, жұртының жарқын болашағын ойлап ғұмыр кешті. Оның бүкіл ғалымдығының, қайраткерлігінің кілті – ұлттық ойлау жүйесінен ажырамағандығында. Ал ұлттық ойлау жүйесі берік ол секілді қайраткер, ғалым, оқымыс-

шығармашылық келбеті болса – мақсаттың орындалғаны.

1925 жыл, 28 тамыз. «Еңбекші қазақ» газетінің №359 санында «Абай» аталатын мақала жарық көрді. Жұрт оқыды. Оқыды да жағасын ұстады. Сыртынан сыбады. Авторын іздеді. Авторы – Бейсембай Кенжебайұлы. Мәскеуде И. Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінің оқушысы. Жасы жиырма бірде. Құртып жібергісі келгендер болған, әттең бай баласын халық ақыны деп қиық бағалаған қиянқы құрық жетпес алыста жүр екен. Адамның бәрі бір ме, тәйірі. Біреу күйінді, біреу сүйінді. Ең бастысы, адамның жасын емес, басын, асыл ойын қадірлейтін, өзі де Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қазақ халқының басы саналатын, Жақаны аталатын, тұла бойы тұнған ұлттық қайраткер Міржақып Дулатұлы абайтануда жана пікір айтылды, жанашыл ой беті түзелді деп жанымен қуанып, «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» (Қызылорда, 1926) аталатын библиографиялық көрсеткішіне 21 жасар Бейсембайдың мақаласының атын тізіп, «Абай – халық ақыны. Халықтың тумысындағы кем-кетіктерін, жайсыз қылықтарын жазған. Олардан құтылуға жол көрсеткен. Абайдың ұстаған жолы, көздеген мақсаты елді түземек болған. Абай ілгерішіл ақын» – деген пікірін көшіре жазыпты. Есесіне өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімін басқаратын Әбдірахман Байділдин уыздай жас баланы аузын айға білеп тұрып сынапты, білегін түрініп тұрып сыбапты.

Ойшыл Міржақып Дулатұлы жерден жеті қоян тапқандай қуанатын, сүйсінетін, әсіре белсенді Әбдірахман Байділдин жерден жік шыққандай, екі құлағы тік шыққандай күйінетіндей не болды сонша? Жиырма бір жасар баланың қарапайым пікірінің біреуді күйіндіріп, біреуді сүйіндіретіндей, астарына ара, әлде шаян жасырынған ба? Мәселенің өзі де осында.

Ол кезде Қазақстанда Абайдың шонжар тегі, әдеби мұрасы жойқын әңгіме, таптық талас-тартыс болып жатқан. Тура-сың айтқанда, басқаның емес, Абайдың басы дауға айналған. Шыққан тегі бай, ет жеген, қымыз ішкен, қос-қостан қатын алған Абай халық ақыны бола алмайды деген көп білгіш. Бірен-саран Абай жайын шын білетін, түйсіне түсінетіндер әуелінде



## АБАЙ ЖОЛЫ

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ

айтысып көріп, большевик белсенділердің бел бермесін білгендіктен, уақытша бұғуға мәжбүр болып тұрған кез еді ол. Сол сәтте Мәскеудің И.Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілері коммунистік университетінің» (КУТВ) жап-жас оқушысы өзінің әлгіндей, Абай жарықтықты жарыққа сүйреген, халыққа теліген пікірін «Еңбекші қазақ» бетінде жарқ еткізді. Жеңіс Абайды шын танушылар жағына ойысып жүре берді.

Жап-жас баланың мақаласы қалайша биік дәрежеде жазылды? «Еңбекші қазақ» газетінің басқармасы мақаланы қалай батылы жетіп жариялады?

Бейсембай Кенжебайұлы туыстары мал соңына салып қойған жерден Бөгеннен, көгеннен қашып Ташкенттен бір-ак

Баяндама жаны нәзік ұстазаға да, оқушы тұстастарына да ұнады. Көпшілікке ұнаған соң әлгі ертегінің ізімен баяндаманы мақалаға айналдырып, Қазақстанға поштамен айдап қоя береді. Көздегені басқа басылым емес, «Еңбекші қазақтың» өзі.

Бала Бейсембай ұзамай жауап хат алды. Қазақстаннан. «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторының орынбасары, жазушы Бейімбет Майлыұлы екен жауап жолдаған. «Мақалаңды алдық. Пікірің ұнады. Батыл жазу керек осылай. Оқушысын ғой, тарығып қаласын ба деп қаламақы есебінен елу сом ақшаны алдын ала жіберіп отырмын. Жиі жазып тұр. Жазғандарыңды менің атыма жолда» — деп хат жазыпты Бияғасы. Жадау-жалпы жолдас-

ақын» деп сыртқа теуіп шат-шәлекей болып жатқанда «халық ақыны» деген салауатты қағида-концепциясымен абайтануды жаңалап кетті. Сыншы бақыты осында, мақала жұлдызының жарық болу сыры осында. Ал Бейсекеңнің мұндай көсем пікірге қол жеткізуінің сыры — алдымен талант табиғаты, содан кейін Ташкенттен басталған кісілік, ізгілік мектебі Мәскеуге дейін жалғасып жатыр. Бейсекең ол жылдары ұстазы Мағжан Жұмабайұлы арқылы орыстың әлі жойылып үлгермеген текті ортасымен, атакты ақын-жазушыларымен («Литературная учеба» журналына ертіп баратын) араласып үлгерген еді ғой... Міне, мәселе қайда жатыр?!

XX ғасырдың 20-жылдарына дейін орыстың данқты ақыны А.Пушкин орыс ұлтының ақыны ретінде ғана бағаланатын. Соңғы жылдары шығармаларының халықтық сипаты жиі сөз болып ұлттық тар ойдағы ақын емес, А.Пушкин халықтық, тіпті дүние-ғалам халқына сөз арнаған халық ақыны деген пікір төбе көрсете бастады. Ұстазы Мағжанның досы білімпаз В.Брюсов та, В.Кирпотин де осындай пікір жетегінде. В.Брюсов тіпті «Мой Пушкин» деп те пікір сабақтай бастады. Өлең-сөздің білгірі, өзі орыс поэзиясына ғылыми нәр әкелген білімпаз. Армян халқының поэзиясы антологиясын құрастырып жарыққа шығарған В.Брюсов не айтса да тосын айтады, не жазса да соныға сүйрей сөйлеп, тосыннан жол салады. Көрмейсіз бе, «Менің Пушкинім...», яки «Пушкинді менің тануым!», «Менің

айтсаңызшы, «Жарадың, Бешім!» деді ұстазы: «Жарадың, Бешім!»

Жап-жас студент Бейсембай Кенжебайұлының 1925 жылы жазған, ұстазы Мағжан Жұмабайұлы, кейін бақилық досына арналған Бейімбет Майлыұлы батасымен жарық көрген «Абай» аталатын мақаласы қазақ әдебиеттануына сөйтіп «төңкеріс» әкелді. Дүниетаным төңкерісі, тұлғатану төңкерісі...

Жап-жас әдебиетші Бейсембай 1925 жылы қазақ астанасы Орынборға жіберілді. Жастар газетіне редактор! (Ол кезде бас редактор атымен жоқ.)

Орынборға келсе, қазақ астанасы Ақмешітке ауысып, көшіп кетіпті. Астанамен бірге жастар газеті де. Орынборлатып Қызылордаға келді. Қолтығында Соловьевтың «Қазақша-орысша сөздігі», Орынборда «Жастар газеті» редакциясы жұртынан тауып алған олжасы... Бейсембайға «Абай» аталатын мақаласы үшін Мұхтар Әуезов рақмет айта келіп, кеңінен кеңесті. «Жастар газетіне» әңгіме әкелген Жүсіпбек Аймауытұлы қолын қысты. Жолыққан Міржақып «Бейсембай тіпті бозым екенсің ғой. Пікірің кесек тартқанға сені ересек кісі екен десем...»

...Ұзамай, Б.Кенжебайұлы «Абай» аталатын мақаласы үшін бас редакторлықтан орынбасарлыққа түсірілді, партия мүшесі кандидаттыққа шегерілді. Ұзамай, Абайдың ет жақын туыстары «шұбар балақ, шынжыр төс» бай ретінде Оңтүстікке, бүгінгі Шардара, Сарыағаш елді мекеніне жер аударылды... Бірақ Бейсекең алған бетінен қайтқан жоқ. Абайды әрі қарай зерттей берді, зерттей берді...

...1945 жыл. «Абай» романының авторы М.Әуезовке 100 жылдығына қарай баяндама жасауға сенімсіздік білдірілді. Үнсіз мұңданып, қабатына Бешім досын алып, Мұхтар Әуезов Абай хақында орысша-қазақша кітап жазуға кірісті. Мойынсеріктікке өзгені емес, Бейсекеңді тартуында, оның осы 1925 жылғы батыл еңбегін сүйіп бағалағандық, ұлы ақын жөніндегі пікірін сыйлағандық жатты. Ол мәселе хақында кейін... Әзірге сөздің қыл-қысқасы жиырма бір жастағы Бейсембай Кенжебайұлы әдебиет есігін жұртты таңғалдырған Абай жайлы еңбегімен ашқан. Бұл — Бейсекеңнің ырым алды рухани ерлігі еді.

# БІР ТӨҢКЕРІС

## бір рухани ерлігі хақында)

шыққан жетім бала. Сандалып жүріп, адасып жүріп жеткен жері — Ташкент, түскен ортасы — жетім балалар. Алайда жетім балалар жетекшісі — жалынды Ғани Мұратбаев, серіктері — Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстанов, Нұртас Ондасынов, тағы басқа балалар. Жетім балалар үйінде кітапқұмарлыққа тәрбиеленген ұстаздары — Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмин Жүсіпов, белгілі дирижер Тұрғыт Оспановтың әкесі — Сәдуақас Оспанов. №14 жетім балалар үйінде жүріп көргені, есті сөзін естігені — Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды қазақ ағартушылары. Ол аз болса, өзбектің Чулпоны, Фитрат, Абланиы. Түркістан автономиялық Республикасының басшылығы — С.Қожанұлы, Н.Төрөқұлұлы, Т.Рысқұл, түрікмен Қайғысыз Атабаев. Абайға көзін ашқаны — Садуақас Оспанұлының түйеге артып алып жүретін «көшпелі кітапханасы». Жаңақорғандық Садуақас ұстаз қай пәннен сабақ өтсе де, Абай өлеңдерін жаттатып, түсінгенін сұрап, Абайдан шығарма жаздырумен болады екен. Ұлы Абай асыл өлеңдерінің дәмі, сөйтіп жетім балалардың таңдайында бала шақта, бал татып қалып қойды.

Жетім балалар үйінен сауат ашып, ұшып жеткен жері — КУТВ. Ең ғажабы, күллі түрік балалары оқитын КУТВ-да түрік тілдерінен тек қазақ тілі мен әдебиеті пәні жүреді. Бір қызығы, бұл пәннен Ташкенттен ұлтшылдығы үшін қуылып, В.Брюсов ашқан «Өнер институтына» түсіп, бой тасалап жүретін, қазақтың маңдайы жарқырап жүру орнына тайқиып жүрген ғажап лирик ақыны Мағжан Жұмабайұлы сабақ береді. Оқушы балалардың жетекшісі, талағының биті бар, Ташкентте жүрген кезден «Ақ жол» газетінде «газет таратушы» (курьер) болып бастап, жаза-жаза «тілші бала» атанып келген Бейсембайды ақын ағасы қасынан қалдырмай ерте жүреді, үйіне ерте келіп тамақ ішкізеді, сұлу жырлармен сусындатады, жасынбай жан сырын айтады, әдебиеттен көп-көп кеңес береді, жазғандарын оқушыларға оқытып бірге талдайды. Алдында ғана «Тазша бала» жайын жанынан жазған ертегісі жарияланған баспасөзде. Енді оқушылар алдында Абай өлеңдері хақында баяндама жасады.

тары балаша қуанды. Мақала қаламақысына Өтебай, Жүсіпбек үшеуі барып бірсыпыра киінді. Елтеп сыра ұрттады. Қалғанын ауылдағы аш-жалаңаш ағасына жолдады. Кейін білсе, ағасы іні қаражатына бір бие сатып алған екен. Бейімбет Майлыұлы мақалаға неге ықыласты? Шамасы, жүйрік дарын большевик белсенділердің Абай ақынды нақақ күйдіріп



жатқанын біледі. Білгенін жазып жіберейін десе, табиғатынан айтысқа жоқ. Содан барып тың ойлы мақалаға жанымен қуанады. Оның үстіне, жас талант көрсе жан-тәнімен құлай берілетін, камкор қолын созатын әдеті. Міне, осылай оқушы Бейсембай Кенжебайұлының Абай жайлы жазған мақаласы суретімен «Еңбекші қазақ» газетінің екі нөмірінде жарық көрді.

Араға уақыт салып барып бүгінгі күн биігінен қарап сараптайықшы. Бейсекеңнің ол мақаласының ой-дәрежесі, жазылу мәдениеті қай дәрежеде? Алдымен ашып айтар бір мәселе — Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхтар Әуезұлы, Құдайберген Жұбанұлы қай-қайсысы да ірі-ірі абайтанушылар. Қай-қайсысы да Абай хақында қызықты-қызықты мақалалар жазған. Ал құдайшылығын айтсақ, жиырма бір жасар оқушы Бейсембай Кенжебайұлының мақаласы, бір тобы «Абай бай текті ақын» деп іштартып, бір тобы «Абай бай текті

тануымдағы Пушкин...» В.Брюсов тануында Пушкин тар аялы орыс ақыны емес, жалпы адамзаттық ақын!

Енді келіп бала Бейсембай ойланады: Ау, орыс әдебиетшілері А.Пушкинді ұлттық тар аядан шығарып, халықтық ақынға айналдыра көтеріп жатқанда біз неге Абайды бай таптың ақыны деп көкірегінен итереміз? Абай айтқан зар жалпы қазақтық, халықтық зар емес пе?! Олай болса, біздің Абай да халықтық ақын! Тапты! Тапты! Талантты жас буыннан ұстады.

Мақала жазды. Ұстазына қымсына оқып берді. Мағжан ақынның қуаңғанын

**1945 жылы абайтанушы Мұхтар Әуезовпен бірге қазақ-орыс тілдерінде, 1954 жылы Абайдың қара сөздері, 1955 жылы ұлы ақынның өлең құрылысы хақында қалам тербеп, абайтануға өзіндік үлес қосты. Бір тақырыпқа әркез дүркін-дүркін оралу арқылы ғалым «өзінің Абайын» сомдады.**

тануымдағы Пушкин...» В.Брюсов тануында Пушкин тар аялы орыс ақыны емес, жалпы адамзаттық ақын!

Енді келіп бала Бейсембай ойланады: Ау, орыс әдебиетшілері А.Пушкинді ұлттық тар аядан шығарып, халықтық ақынға айналдыра көтеріп жатқанда біз неге Абайды бай таптың ақыны деп көкірегінен итереміз? Абай айтқан зар жалпы қазақтық, халықтық зар емес пе?! Олай болса, біздің Абай да халықтық ақын! Тапты! Тапты! Талантты жас буыннан ұстады.

Мақала жазды. Ұстазына қымсына оқып берді. Мағжан ақынның қуаңғанын

...Бейсекең уыз шағында бетін ашқан бұл тақырыпқа кейін әлденеше рет қайта оралып, қалам тартты. 1945 жылы абайтанушы Мұхтар Әуезовпен бірге қазақ-орыс тілдерінде, 1954 жылы Абайдың қара сөздері, 1955 жылы ұлы ақынның өлең құрылысы хақында қалам тербеп, абайтануға өзіндік үлес қосты. Бір тақырыпқа әркез дүркін-дүркін оралу арқылы ғалым «өзінің Абайын» сомдады... Ол өз алдына дербес әңгіме еншісі...

**Құлбек ЕРҒӨБЕК,**  
әдебиет сыншысы

## АЙБЫН

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елімізде мерзімді қызметін өтеушілерді көктемгі әскерге шақыру науқанының басталғанына бір айға жуық уақыт өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мерзімді борышын өтеген әскери қызметшілерді запасқа шығару мен 2025 жылы әскери қызметке шақыру жөніндегі Жарлыққа ақпанда қол қойған болатын. Биыл Қазақстанда мерзімді әскери қызметін өтеуге 42 мыңнан астам азамат шақырылады.

Жасы 18-27 аралығындағы ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың көктемгі науқаны 30 маусымға дейін жалғасады. Әскерге шақырудың көктемгі науқанында Қарулы күштер, Ұлттық ұлан, Төтенше жағдайлар министрлігі мен ҰҚК Шекара қызметіне және Мемлекеттік күзет қызметіне 20 мыңнан астам азамат іріктеліп алынады. Көктемгі науқан барысында Қарулы күштер қатарын 10 мыңнан астам сарбаз, Ұлттық ұлан сапын 7 мыңнан астам сарбаз толықтырады. Одан бөлек, 2 мыңнан астам бозбала шекара күзеті үшін Шекара қызметі бөлімшелеріне жіберіледі. Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты құрылымдарға 300 сарбаз, Мемлекеттік күзет қызметіне 300 бозбала барады. Бір сөзбен айтқанда, армия мен күштік құрылымдар қатары біршама толығады.

Әлбетте, Қазақстан Қарулы күштері жеке құрамының басым

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕР САПЫН ЖАС САРБАЗДАР ТОЛЫҚТЫРАДЫ



бөлігі келісімшарт негізінде жұмыс істейтін кәсіби мамандардан жасакталғаны белгілі. Олардың мөлшері Қарулы күштер мен түрлі әскери құрылымдардағы жауынгерлердің 70 пайызына жуықтайды. Ал қалғаны мерзімді әскери борышын өтейтін азаматтардан жасакталады. Қазақстан Конституциясының 36-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті», 2-тармағында «Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіппен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады» деп анық көрсетілгендіктен, елімізде мерзімді әскери қызмет сақталды.

Бірақтар маман мерзімді әскери қызмет жастарды патриоттыққа баулуға ықпал ететінін, армияда әскери борыш өтеу ко-

ғамды әлеуметтік лифт рөлін атқаратынын, келісімшартпен жұмыс істейтін мамандар даярлауда да мерзімді қызмет маңызды екенін алға тартады. Дегенмен әлі



**Көктемгі науқан барысында Қарулы күштер қатарын 10 мыңнан астам сарбаз, Ұлттық ұлан сапын 7 мыңнан астам сарбаз толықтырады.**

де болса түрлі себептермен мерзімді әскери қызметтен уақытша босатылатын азаматтардың қарасы көп.

Бас штаб бастығының орынбасары, генерал-майор Сәкен Жүсіпов 17 жасқа толған бозбалаларды әскери есепке қою Электронды үкімет порталында проак-

тивті форматқа көшірілгенін айта келе, онда әскерге шақырудан босатылатын және шақыру кейінге шегерілген азаматтарға тікелей қатысты бар пункттер енгізілгенін айтқан-ды. Яғни, әскери қызметтен мүлдем босатылатын немесе әскерге шақыру кейінге шегерілетін азаматтар қатарына білімін жалғастырып жүрген жастар, бір және одан да көп баласы бар әкелер, жұмыс істейтін педагогтер, ғылыми атағы бар адамдар кіреді. Бәлкім, осындай жеңілдіктердің нәтижесі болар, былтыр әскери борышын өтеуді кейінге қалдыру бойынша мемлекеттік қызметті 300 мыңға жуық адам пайдаланған. Әскери есепке жанадан 160 мың адам алынған. Ал жалпы әскерден босату немесе қызмет өтеуді кейінге қалдыруға

бағыттарда жасалған жеңілдіктер бұлар. Алайда жастардың денсаулық мәселесі де бар екенін назардан тыс қалдырмау керек. Сөйте тұра, ел қорғайтын азаматтарды әскери өмірдің бір өткелінен өткізіп алмақ керек. Демек, бір жылда 360 мың азамат әскери қызметтен белгілі бір себеппен босатылатын елде, 42 мың адамды армияға шақыру тым жоғары көрсеткіш емес. Әрі оларға да мемлекет көп қолдау көрсетіп отыр. Айталық, әскери борышын өтеген соң оқуға түскендер саны 2025 жылдың наурызында 1 029 адамды құрапты. Олар мерзімді әскери қызметте жүргенде жақсы жағынан танылған азаматтар екен. Ал мемлекет оларға грант арқылы білім алуға мүмкіндік жасаған. Одан бөлек, 17 мың жас сарбаз «кредиттік каникул» алған. Ал осы сарбаздардың мойнындағы несиенің жалпы сомасы 6,6 млрд теңгені құрапты. Яғни, әскери қызметін өтеп жүрген кезде сарбаздар несие төлемейді деген сөз.

Қысқасы, әскери өмірді қызықты етіп көрсетуге байланысты түрлі шаралар атқарылып жатыр. Ол дұрыс та. Дегенмен қоғамның мерзімді әскери борышты өтеуге деген көзқарасының да жақсара түскені керек. Өйткені көктем мен күзде әскерге шақыру ел басына күн туса сапқа тұруға жарайтын азаматтарды тәрбиелеу үшін керек. Олар біздің резервтер саналады.

## ӘСКЕРЛЕР ТАСҚЫНМЕН КҮРЕСТЕ ДЕ АЛҒЫ ШЕПТЕ

Қазақстан армиясы бейбіт күнде де алғы шепте жүреді. Төтенше жағдайлар кезінде көмекке де келеді. Биыл да солай. Тиісті құрылымдарға Қазақстан армиясы мен Ұлттық ұлан бөлімшелері көмек көрсетуге даяр. Мыңдаған сарбаз тасқынға қарсы жұмыстарға жұмылдырылған.

Қазақстан Қорғаныс министрлігі таратқан мәліметтерге қарағанда Қарулы күштердің 2000-нан астам сарбазы мен 770 техникасы су тасқынына қарсы жұмыстарға қатысып жатыр. Олар еліміздің түрлі аймақтарында жұмыс істейді. Әскерлер Ақмола, Абай, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарының жергілікті қызметтері мен халқына жан-жақты көмек көрсетуде.

Дегенмен тасқынға қарсы шараларға қатысып жатқан әскерилер саны мұнымен шектелмейді. Су басудың алдын алу ісіне әу баста 7 мыңнан астам әскери қызметші мен 500 дана техника бө-

лінген. Әскери-көліктік авиацияның ұшақтары мен тікұшақтары, дрондары, жол талғамайтын көліктері қолдануға әзір күйге келтірілген еді. Одан бөлек, понтон көпірлері, жүзетін көліктер, дезинфекция жасайтын техника да сайланған болатын. Бірақтар облыста аумақтық қорғаныс бригадаларының жеке құрамы су тасқынының алдын алу шараларына жұмылдырылған еді. Ал Солтүстік Қазақстан облысының Подгара және Тепличный елді мекендерінде әскерилер 1 500 қап құм даярлап қойды, БҚО-ның Таскала ауылында өзен жағасына 300 қап құм төселді. Одан басқа шаруалар да істеліп жатыр. Қазақ

сарбаздары тасқынға қарсы жұмыстарға белсене қатысып жатыр.

Сөз басында айтылғандарды армия бөлімдерінің көмегі деп бағаласак, одан бөлек тасқынға қарсы жұмыстарға Ұлттық ұлан күштері де жұмылдырылады. Ұлттық ұлан өкілдері су тасқынына қарсы 10 мың әскери қызметкер бөлуге даяр екенін мәлімдеген болатын. Әрі 350 техника әзірлеп қойыпты. Ми-171Е тікұшақтары мен Y8F00W ұшақтарын әзірлеп қойды. Арнайы резервтер дер қарастырған. Атап айтқанда, Ұлттық ұланның тасқынға қарсы жұмыстарға жұмылдыратын резервинде 1 600-ден астам сарбаз тұр.

Былтыр Ұлттық ұлан су тасқынының зардабын жойып, адамдарды эвакуация жасау үшін 46 рет ұшақ, 115 рет тікұшақ ұшырған. Ол үшін 7 дана ұшақ пен тікұшақ пайдаланды. Ұландықтар 2024 жылы 5,5 мың адамды эвакуациялаған. Соның ішінде 501 адамды қауіпсіз жерге көшіру үшін авиация пайда-



ланды. Одан бөлек, 600 тонна жүк пен 130 тонна гуманитарлық көмекті тиісті аймақтарға жеткізді. Жалпы, былтыр Ұлттық ұланның 3,5 мың әскері, 150-ден астам техникасы тасқынмен күреске тартылды.

Ал былтыр армия тасқынмен күреске 6 мыңнан астам сарбазды

жұмылдырды. 255 техника, 12 тікұшақ, 5 әскери-көлік ұшағын, 3 дана ұшқышсыз ұшу аппаратын пайдаланды. 3 475 адамды эвакуациялап, 1 770 адам мен 233 тонна жүкті тиісті жерге жеткізді. Былтыр әскерилер 2,1 млн қап құм даярлапты.

Бетті дайындаған А.СҰЛТАН

## ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



Шекара шебінің берік болуы – аса маңызды әрі жауапты міндет десек, бұл міндетті Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі абыроймен атқарып келеді. Соның ішінде қылмысқа жол бермеу – приоритетті бағыт. Жыл он екі ай шекара бұзушыларды құрықтау, контрабандалардың жолын кесу, заңсыз өту және алып өтуге жол бермеу, флора мен фаунаны қорғау және тағы да басқа қылмыстық баптар арнайы қызметтің жұмысындағы жоғары көрсеткішке ие санаттар.

Биыл жыл басынан бергі қаңтар-ақпан айларында ҰҚК ШҚ мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауды қамтамасыз ету аясында құзырлы органдармен өзара әрекеттесе отырып, шекара кеністігінде Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушы 7001 адамды ұстаған. Олардың ішінде 45 шетел азаматы шекараны бұзғаны үшін қолға түскен болса, 20 шетел азаматының шекараны бұзу әрекеттерінің жолы кесілді.

Сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы 2 800 заңсыз алып өту фактісінің алды алынды, соның

ішінде жалпы салмағы 7 келіден астам есірткі заттары мен 1 285 келі және 800 литр болатын синтетикалық есірткі жасауға арналған прекурсорлар (34 дерек) тәркіленді. Қарулар мен оқ-дәрілер алып өтудің 184, 1 283 дана діни әдебиет алып өтудің 59 дерегі анықталды. Жалпы сомасы 18 млн теңгеден асатын 89 000 литрден астам жанар-жағармай материалдары контрабандасының 1 100 фактісі, жалпы сомасы 6,8 млрд теңгеден астам халық тұтыну тауарларын алып өтудің 1 118 фактісі және 3 млрд теңгеден астам шетел валю-

## ШЕКАРА – СЕНІМДІ ҚОЛДА

тасын декларацияламаудың 269 фактісі тіркелді.

Сонымен қатар Каспий акваториясында 36 браконьерлік фактісінің жолы кесілді. Мақсатты операциялар кезінде 20 жүзу құралы, жалпы ұзындығы 21 шақырым торды құрайтын браконьерлік аулау құралдары және 226 дана (1 022,3 кг) бекіре тұқымдас балық тәркіленді. Алды алынған залал сомасы шамамен 401 млн теңгені құрайды. Бұл фактілер бойынша материалдар бұзушыларды жауапкершілікке тарту үшін құқық қорғау және сот органдарына жіберілді.

Нақты деректерге кезек берер болсақ, 15 қаңтарда ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті экономикалық тергеп-тексеру, полиция және мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп темекінің ірі партиясын елге заңсыз әкелудің жолын кескен. Ілеспе құжаттарсыз 170 мың қорап көлемінде темекі өнімдерін электротехникалық бұйымдар деп көрсетіп, мемлекеттік шекарадан алып өтпек болған. Алдын ала бағалау бойынша, тәркіленген тауардың құны 50 млн теңгеден асады. Дәл осындай оқиға 5 ақпанда тағы да қайталанған. Жамбыл облысы Қарасу елді мекенінде ҰҚК шекара жасағы темекінің ірі партиясын (535 мыңнан астам қорап) тасымалдау әрекетінің жолын кесті. Темекі бұйымдары көрші елден Қазақстанға ілеспе құжаттарысыз жеткізіліп тұрған. Алдын ала бағалау бойынша тәркіленген тауардың құны 187 млн теңгеден асады. Ұсталған жүк әрі қарай қаралуы үшін тиісті органға берілді.

18 қаңтарда Түркістан облысының «Жібек жолы» өткізу пунктінде шекаралық бақылауды жүзеге асыру кезінде шетел азаматы басқа адамның төлқұжатымен Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өтуге әрекеттенгені үшін ұсталды. Айта кету керек, 2025 жылдың басынан шекарашылар жалған және басқалардың төлқұжаттарын пайдаланудың 16 фактісін анықтаған. 2024 жылы халықаралық қатынас жолдарында 400-ден астам осындай құқықбұзушылықтың жолы кесілді. ҰҚК шекара қызметі жалған және бөтен құжаттарды пайдаланып шекарадан өткені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын хабарлайды. Сол сияқты биылғы жыл басталғалы шекарашылар өткізу пункттерінде бір мезгілде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттің азаматтығы бар адамдардың шекарадан өтуінің 91 фактісін анықтады. Ұсталғандар ісін қарау үшін полиция органдарына берілді. 2024 жылы осындай 1 190 қос азаматтық фактісі анықталған екен. Құқықбұзушылықтардың негізгі бөлігі жақын шетел азаматтарына тиесілі. ҰҚК Шекара қызметі қазакстандық заңнамаға сәйкес қос азаматтықтың болуы 300 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға немесе әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкелетінін еске салады. Сондай-ақ қазакстандықтардың басқа мемлекеттің азаматтығын алуы Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру үшін тікелей негіз бола алады.

Осы ретте ҰҚК Шекара қызметінің 2024 жылғы іс-қимыл нә-

тижелері туралы да атай өткен жөн. Мәселен, былтыр 55 мыңнан астам адам Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған. Олардың ішінде 324 шетел азаматы шекараны бұзғаны үшін ұсталса, 383 шетел азаматының шекараны бұзу әрекеттерінің жолы кесілген.

Мемлекеттік шекара арқылы 15 041 заңсыз алып өту фактілерінің алды алынған. Соның ішінде 451 дерек есірткі заттарына (2 тонна 300 кг астам), 886 дерек қару мен оқ-дәрілерге, 455 дерек діни әдебиеттерге (24 087 дана), 5 283 дерек жалпы сомасы 160 млн теңгеден асатын жанар-жағармай материалдарына, 6 086 дерек жалпы сомасы 70 млрд теңгеден астам халық тұтыну тауарларына және 1 880 дерек жалпы сомасы 19 млрд теңге болатын шетел валютасына қатысты.

Каспий акваториясында 390 браконьерлік фактілерінің алды алынып, 196 дана жүзу құралдары, жалпы ұзындығы 536 шақырым браконьерлік аулау құралдары (тор), 1 994 дана (11 379 келі) бекіре тұқымдас балықтар, 87 814 дана (98 296 кг) ұсақ тұқымдас балықтар, 117 дана итбалық тәркіленді. Алды алынған залал сомасы 4,6 млрд теңгені құрайды.

Бұл айтылғандардың барлығы еліміздің шекара күзетінде тұрған әскери азаматтардың орасан зор әбегінің ауқымын көрсетсе керек. Шекарадағы қызметтің сапасы осындайдан көрінеді. Ендеше жауапты міндетті абыроймен атқару – шекарашылардың жауынгерлік парызы.

Нұрлан СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

## ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ

Еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің күзетінде тұрған арнайы қызметтің атқарып жатқан қыруар жұмысы көзге көрінбесе де, көңілге медеу ұялататыны рас. Соның ішінде қылмыспен күресте Ұлттық қауіпсіздік комитетіне артылатын халықтың сенімі жоғары. Есірткі бизнесін жою, заңсыз көші-қонның жолын кесу, заңсыз қару айналымына тоқтау салу, діни радикализммен күрес сында тағы да басқа қылмыстарды ауыздықтауда ҰҚК-нің өзге органдармен біріге атқарған тиімді іс-шараларын көріп-біліп отырмыз. Солардың бірқатарына тоқталып өткенді жөн көрдік.

### ЗАҢСЫЗ ҚАРУ – ҚАУІПТІ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті қарудың заңсыз айналымына қарсы тұру әрекеті бойынша жүйелі шаралар қабылдауда. Биылғы жылдың басынан ҰҚК полиция және прокуратура органдарымен бірлесіп 12 автомат, 41 тапанша, 75 мылтық, 36 граната және әртүрлі калибрдегі 1 603 оқ-дәрі тәркіледі. Бұл қарудың едәуір бөлігі «Қаңтар оқиғасы» кезінде ұрланған, барлығы 2022 жылдан бастап ҰҚК дағдарыс кезеңінде жоғалған 608 бірлік қару тәркілеген. Осылайша, арсеналдың деструктивті ортаға түсуі және оны қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қарсы пайдалану қаупі төмендетілді.

Сонымен қатар Қазақстан аумағына қаруды заңсыз әкелу фактілері тіркелуде. Яғни, ҰҚК көрші елден келетін қару контра-

бандасы арнасының жолын кесіп, ел аумағында 10 бірлік қаруды сатуға ниеттенген шетелдік азаматты ұстады. Қару-жарақ көліктің қаптамасына айлакерлікпен жасырылып, әрі Қазақстан Республикасы азаматтары арасындағы сыбайластардың көмегімен жеткізілген.

«2024 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті полиция және прокуратура органдарымен бірлесіп, қару-жарақтарды, оның ішінде «Қаңтар оқиғасы» кезінде ұрланғандарын іздеу және заңсыз айналымнан алу бойынша бірқатар жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізді. Нәтижесінде, қарудың қайта айналымының 7 арнасы, сатудың 7 ішкі арнасы және оны жасайтын жасырын 4 цех жойылды. 58 Калашников автоматы, 283 мылтық, 164 тапанша, 115 граната және әртүрлі калибрдегі 15 мыңнан астам



оқ-дәрі тәркіленді. Қарудың заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша іс-шаралар жалғасуда», – делінген ҰҚК баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитеті трансұлттық және өңірлік қылмыстық топтардан қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатерлерге қарсы тұруға арналған кешенді шараларды іске асырады. 2024 жылы ҰҚК полиция органдарымен бірлесіп, аса қауіпті 19 ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекетін тоқтатты. Ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін ұйымдасқан қылмыстық топтың 72 жетекшісі мен белсенді қатысушысы қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Жалпы,

былтыр 98 адам кісі өлтіру, тонау, бопсалау және басқа да ауыр қылмыстар жасады деген күдікпен ұсталған, олардың ішінде шетелдік қылмыскерлердің жетекшілерінің көмекшілері де бар. Олардың 40-ы сотталып, қалғандарымен сотқа дейінгі тергеулер әлі жүргізілуде. Ұйымдасқан қылмыспен күрес бойынша іс-шаралар жалғасуда.

«ҰҚК-ның Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті прокуратура органдарының үйлестіруімен заңсыз көші-қонды ұйымдастыруға күдікті бір топ адамның әрекетінің жолын кесті. Алдын ала деректер бойынша, олар жақын шетел азаматтарына Қазақстанда уақытша тұруға 80-нен астам заңсыз рұқсат ресімдеген. Тінту барысында заттай дәлелдемелер тәркіленді.

ҚК-тің 251-бабының 1-бөлігі, 394-бабының 2-бөлігі және 366-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде», – делінген хабарламада.

### ЕСІРТКІ САУДАСЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

2024 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шеңберінде 31 халықаралық және 27 өңірлік жеткізу арнасын жойып, 32 жасырын есірткі зертханасының қызметін бейтарапандырды. Заңсыз айналымнан 3 тоннадан астам есірткі және психотроптық заттар, 4,5 тонна көкнәр сабаны шикізаты және «синтетика» жасау үшін қолданылатын 18 тонна химиялық реагенттер тәркіленді. «Қара нарықта» тәркіленген есірткінің құны 36 миллиард теңгеден аса бағаланады.

Есірткі қылмыстарын жасағаны үшін 164 адам сотталды.

Қазақстан арқылы есірткіні әкелу және тасымалдау арналарының жолын кесу бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен 25 халықаралық операция жүзеге асырылды.

Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша іс-шаралар жалғасуда.

Н.КОСАЙ

## ДАУА

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ



# АУРУ АСТАН БА?

Жамбыл облысы Меркі ауданындағы балабақшада уланған 10 бүлдіршін ауруханаға түсіп, бір бала тіпті жансақтау бөлімінен бір-ақ шыққан. Сонда бөбекжай тәрбиеленушілерінің жаппай улануына не себеп? Астан келген ауру ма, әлде ағзаның улануына әсер еткен өзге де факторлар бар ма? Меркіліктерді аяғынан тік тұрғызған жағдайға майшам салып үңіліп көрсек...

**А Саятхан САТЫЛҒАН,**  
Жамбыл облысы

## 10 БҮЛДІРШІН АУРУХАНАҒА ТҮСТІ

Жалпы Меркі ауданы Ойтал ауылындағы «Нұрай» жекеменшік балабақшадағы бүлдіршіндердің улануы 17 наурыз күні болған. Аудандық ауруханаға түскен кішкентайлардың 9-нан жіті ішек инфекциясы анықталса, 1 балаға

энтеровирусты инфекция диагнозы қойылған. Кейіннен уланғандардың саны 14 балаға жетіп, 1 ересек адам да ауруханаға жатқызылған. Сондай-ақ 9 бала үй жағдайында ем қабылдауға босатылған. Осылайша ауруханаға жатқызылғандардың 10-ы бөбекжай тәрбиеленушілері болса, 1-і үш айлық бүлдіршін. Тағы 3 бала мектепте білім алатын оқушылар. Ауыр хәлде болған 1 балаға жанжақты көмек көрсету үшін оны облыс орталығына жолдаған.

Осы оқиғадан кейін Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметі балабақша жұмысын уақытша тоқтату туралы Қаулы қабылдады. Сондай-ақ тиісті сынамалар алып, арнайы тексерісті бастап кетті.

Бүлдіршіндер ауруханаға түскен күні медицина мекемесіне облыс әкімі Ербол Қарашөкеев те жетті. Аймақ басшысы ем қабылдап жатқан балалардың жағдайымен танысып, сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Бұдан кейінгі жағдайға байланысты шұғыл кеңес өткізді. Жиында Ербол Шырақпайұлы Меркі ауданының әкімі Ербол Жиенқұловқа улан-

ған балалар мен олардың ата-аналарына қажетті қолдауларды жан-жақты көрсетуді тапсырды. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Байділдә Шыналиев пен Денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерік Мұсабаевқа болса, балалардың жүй-күйін назардан тыс қалдырмай, аурудың одан әрі өршуіне жол бермеуді жүктеді. Ал Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ләззат Қызылқұловаға ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін ескертті. Сондай-ақ облыс әкімі бұл оқиғаға қатысты жауаптылар қатаң жазаланатынын баса айтты.

Ал облыстық Полиция департаменті сотқа дейінгі тергеудің басталғанын хабарлады. Қылмыстық іс 304-бап (санитарлық ережелерді немесе гигиеналық нормативтерді бұзу) бойынша қаралуда.

### УЛАНУҒА НЕ СЕБЕП?

Бұл ретте ауданнан балалардың улануына байланысты

жұмыс тобы да құрылып отыр. Олар аурудың шығу себебін анықтауға кіріскен. Алайда арада, міне, он күн өтсе де бүлдіршіндердің неден уланғаны ашып айтылмауда. Облыстық Полиция департаменті тергеу амалдарының құпиялығын алға тартса, Меркі ауданы әкімдігі СЭС қорытындысы шықпай ешқандай апарат бере алмайтынын айтуда. Десе де, халық арасында бірнеше болжам жүр. Оның бірі балалар астан уланды делінсе, енді екіншісі барлығына бірдей тұмау түріндегі вирус жұққан деседі. Осының салдарынан балалардың бойын әлсіздік билеп, ауруханаға түскен. Алайда бұл нақты байлам емес, болжам ғана. Оқиғаның анық-қанығы СЭС сараптама-сының қорытындысынан кейін жарияланбақ.

Осы ретте бір айта кетерлігі, бұл Жамбыл облысында болған бірінші жағдай емес. Алдыңғы жылы Байзақ ауданында 44 оқушы мен екі мұғалім астан уланып, ауруханаға түскен болатын. Сол тұста мектепті ыстық тамақпен қамтитын «Токсейітов» жеке кәсіпкерлігі күдікті ретінде таныл-

ып, тергеуге алынған. Алайда кейін «балалардың астан алануына аспаз кінәлі» делініп, одан қалса «оқушылар сақтау мерзімі өтіп кеткен асты сырттан әкелді» деген сияқты нұсқалар айтылып, сананы сан саққа жүгіртті. Байзақтағы оқиғаға қатысты облыстық Полиция департаментіне сауал да жолдадық. Алайда құзырлы орган өкілдері тергеу амалдары енді аяқталып, іс сотта жатқанын хабарлар етті. Енді онда қандай үкім шығатыны әзірге белгісіз. Әйтеуір, «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып» кетпесе болғаны...

Күні кеше Тараз қаласында балабақшаға қатысты тағы шу шықты. №44 бөбекжайды СЭС мамандары тексеріп, нәтижесінде 27 бала қызылшамен ауруханаға жатқызылған. Ал бір бала тіпті жансақтау бөлімінде өмірі үшін күресіп жатыр екен. Осыған байланысты шырыл қаққан тараздық аналар балабақша жұмысын тоқтатуды талап етіп, билік өкілдерінен көмек сұрады. Алайда бұл оқиғаға қатысты да жауапты сала мамандары әзірге жақ ашпады.

### P.S.

Әрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда осы мектеп пен балабақша бүлдіршіндеріне қатысты соңғы кезде оқыс оқиға мен шулы жағдайлар көбейіп кетті. Әсіресе, балалардың астан улануы жиілеп бара жатқандай. Мұндайда енді қайтпек керек? Ең алдымен, әрине балалардың ыстық тамағына келгенде тендер мен конкурс деген дүниені түп тамырымен құрту қажет. Себебі ұлтын емес, құлқын ойлаған кәсіпкер балалардың асына аса мән бере бермейтіні анық. Ал егер Байзақ ауданындағыдай жұмысынан кемшілік шықса, қалталы азамат оны жылы жабуға тырысатыны айтпаса да белгілі нәрсе. Сондықтан балалардың ыстық тамағын әзірлеуді «тендер» атты тартысқа салмай, сол мектептің өзінің құзыретіне берген жөн секілді. Өйткені ертең бір жағдай бола қалса, жауапкершілік жүгі өздеріне түсетіндіктен мектеп басшылығы асхана мәзірі мен оның дайындығына сауысқандай сақ болатыны айқын. Бұдан бөлек, жекеменшік балабақшаларға да аса еркіндік бермеген абзал. Сонда ғана тәртіп орнайды. Ал одан ел ертені саналған балғындарымыз жақсы болмаса, жаман болмасы анық.



Павлодар кардиоорталығының дәрігерлері жүрек-қан тамыр патологиясы мен онкологиялық ауруы бар науқасқа аралас ота жасап, өмірін сақтап қалды.

## ЕКІ КҮРДЕЛІ ОТАНЫ ҚАТАР ЖАСАДЫ

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 67 жастағы науқас биыл ақпанда алдымен «Жүректің ишемиялық ауруы, ФК III кернеу стенокардиясы» диагнозымен ауруханаға жатқызылады. Алайда ота алдындағы медициналық тексеру кезінде науқастың сол жақ бүйрегінен катерлі ісік анықталған.

«Бұл орайда, яғни науқасқа екі күрделі диагноз қатар қойылған кезде дәрігерлер аса маңызды шешімдер қабылдауы қажет. 67 жастағы науқастың бастапқы диагнозына да күрделі ота қажет. Ал бүйрегіндегі катерлі ісік жағдайды тіптен қиындатқан еді. Екі

бөлек ота жасау науқастың өміріне тіптен қауіп төндіріп тұрды. Алдымен бүйректі алып тастаса, жүрекке түскен жүктеменің салдарынан инфаркт қаупі жоғарылайтын еді. Ал жүрекке жасалған операция қатерлі ісік жасушаларының қанайналым жүйесі арқылы таралуына себеп болуы мүмкін», – дейді Павлодар кардиоорталығының дәрігерлері.

Барлық факторды ескере отырып, дәрігерлер бір мезгілде екі отаны қатар жасауға және симуляциялық араласу әдісін қолдануға шешім қабылдады. Ота барысында алдымен нефрэктомия (бүйректі алып тастау), содан

кейін жүректі шунттау жасалды. Операцияға кардиохирургтер, онкологтар, анестезиологтар, трансфузиологтар және операциялық мейіргерлер қатысты. Күрделі медициналық ота сәтті өтіп, науқас оңалу кезеңінен кейін ауруханадан шығарылды, қазір жағдайы қалыпты.

Дәрігерлердің айтуынша, осындай аралас операциялар оңалту кезеңін қысқартып, шұғыл кардиохирургиялық емдеуді қажет ететін онкопатологиясы бар пациенттерге уақытылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Н.ОРАЗҒАЛИ

## КӨКЕЙКЕСТІ

29 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

# СУИЦИДКЕ СЕЛҚОС ҚАРАМАУ КЕРЕК

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид бұқаралық ақпарат құралдарында ең жиі көтерілетін тақырып. Заман ауысқан сайын бала психологиясы да өзгеріске ұшырап жатыр. Ал жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуына отбасылық мәселелер, мектептегі қиындықтар, психологиялық мәселелер, әлеуметтік қысым, жеке проблемалар мен оқиғалар түрткі болуы мүмкін.



Е. АНДРЕЕВ (ФОТОГРАФ)

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық пен суицид проблемасы. Республикадағы балалар ортасында бұл құбылыстың жиілігі тұрақты түрде жоғарылап келеді. Атап айтсақ, 2020 жыл – 144 факт (әрекет – 307), 2021 жыл – 175 факт (әрекет – 373), 2022 жыл – 155 факт (әрекет – 309). 2023 жыл алты айда – 95 факт (әрекет – 207). Бұл туралы Ашық НҚА порталында жарияланған 2023–2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспардың жобасында жазылған.

– 2023 жылдың 6 айында Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан облыстары, Алматы, Шымкент қалаларында суицидтің өсуі байқалады. Түркістан облысында суицидтің жоғары деңгейі сақталып отыр (20 жағдай). Ал Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында суицид әрекеттерінің өсуі тіркелді. Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің ең көп саны Астана қаласында тіркелді. Биыл бұл қалада кәмелетке толмаған 47 бала өз-өзіне қол жұмсамақ болған, – деп жазылған кешенді жоспар жобасында.

Балалар мен жасөспірімдерді суицидке итермелейтін негізгі себептер физикалық және психикалық зорлық-зомбылық, ата-аналар тарапынан түсіністік пен қолдаудың болмауы және достарының немқұрайдылығы. Сонымен қатар соңғы жылдары компьютер мен интернетке

тәуелділік те басты фактор ретінде қарастырылып жүр.

– Жасөспірім кезеңінде бала бойында көптеген өзгеріс болады. Соның бірі – қалыптасқан жүйеге қарсы шығу, өзінің Менін қалыптастыру. Ал ата-ана оны әлі бала болып, айтқанды істеп, сызып берген шеңберден шықпауын қалайды. Ішкі күйзеліс сыртқы кикілжіңдерге жиі алып келеді, болмаса бала мүлдем жабылып, оны ешкім түсінбейтініне, қалыптасқан жүйені өзгерте алмайтынына көз жеткізіп, шындықтан қашу жолдарын іздейді, – деді психология ғылымдарының кандидаты Гүлжан Вероцкая.

Оның пікірінше, мектепте буллингке тап болған бала «қорқудың», «біреуден әлсіз болудың», «ашуланудың» қалыпты жағдай екенін түсінуі керек. Ата-ана баланы әрдайым қорғап, қанатының астына алып жүре алмайды. Бірақ жасөспірім ішіндегі сезімді ата-анамен бөлісуге болатынын, бұл үшін олардың оған ұрыспайтынын, кемсітіп, күлмейтінін түсінуі керек. Сонымен қатар мектептерде кәсіби психологтер мен әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істеуге тиіс. Олар оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылап, қиындықтары туралы хабардар болуға көмектеседі. Балаларға суицид туралы дұрыс ақпарат беру және психологиялық көмек көрсету курстарын ұйымдастыру өте маңызды.

Ендеше жасөспірімдер арасындағы суицид тек бір отбасының мәселесі емес. Бүкіл қоғам, ата-ана, мұғалімдер мен психологтер, бұқаралық ақпарат құралдары балаларға өмірдің қаншалықты қымбат екенін жұмыла түсіндіруі керек.

Кербез ЕСІМ

## ТЕМЕКІ – ТІЛСІЗ ТАЖАЛ

Бүгінде қазақ ұлтының денсаулығын барынша тұншықтырып отырған бір дерт бар. Ол – темекіге тәуелділік. Бұл осы күнгі ғана емес, келешек ұрпағымыз үшін де қатер. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне жүгінсек, әлем халқының 18 пайызы, яғни шамамен бір миллиард адам шылым шегуге әуес. Соның салдарынан жыл сайын бес жарым миллионға жуық адам темекіге байланысты аурулардан көз жұмады екен.

### А Әсет ҚАЛИ

ДДСҰ мамандары жаһандағы барлық мемлекетте темекіні заң жүзінде жарнамалауға қатаң тыйым салуға ұсыныс білдіруде. Халықаралық ұйым өкілдері жасаған зерттеулері балалар темекі тартуды неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым никотиннен бас тарту қиынға түсетінін дәлелдеген. ДДСҰ мамандары дүниежүзі адамдарының небәрі 5 пайызы ғана шылымды әспеттейтін жарнамалық дүниелерден аулақ екенін айтады. Ал қалған 95 пайыз бөлігі шылым өнімдерін үгіттейтін жарнамаларды күндіз-түні көреді екен. Егер нақты шара қолданбай, осы сарынмен жалғаса берсе, ғасыр соңына дейін 1 миллиард пенденің ажалы темекіден болатыны анық. Пайдасын темекі өнімдерінен көріп жүрген өндіріс орындары нарық аясын кеңейтуге, демек азаматтарымыздың жаппай темекі тартуына мүдделі. ДДСҰ мамандарының айтуынша, темекі өнімінің жарнамалары толық тоқтатылса, темекі тартатындар саны 16 пайызға төмендейтінін анықтаған.

Мемлекет басшысы 19 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын. 2024 жылдың 20

маусымынан бастап темекі шегуге болмайтын, темекі өнімдерін, вейптерді, хошистендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға және таратуға сондай-ақ оларды жарнамалауға тыйым салу күшіне енді.

Сондай-ақ Президент былтыр 15 наурызда өткен үшінші Ұлттық құрылтайда Қазақстанға вейптерді әкелуге және таратуға тыйым салу туралы айтқан еді. Оның айтуынша, вейпинг балалар мен жастардың денсаулығына, демек ұлтымыздың болашағына үлкен зиян келтіреді деген болатын.

Қазір барша ғалам жұртшылығы осы әлеуметтік қауіпті әдетке қарсы күресуде. Әлемдік тәжірибеге сай бұл індітке қарсы күрес алдын алу мен экономикалық шараларды қолдану тәсілдері арқылы жүзеге асады. Алдын алу әдістерінің бірі – темекінің қорына өнімнің зиянды екені жазылатын ескертулер. Аустралияда темекі қорабтарында өндірушінің фирмалық логотипі көрсетілмеген, керісінше темекі тартушылар арасында таралатын аурулардың зардабы туралы жағымсыз суреттер берілген. Қазірдің өзінде Ұлыбритания, Канада, Үндістан, Жаңа Зеландия мен Норвегия сияқты елдерде нарыққа осындай өнімді енгізуді көздеп отыр. Еуропа елдері 2026 жылға дейін Еуроодақ темекіні саудадан мүлдем алып тастауды нысанаға

алып отыр. Ресейде мектеп пен колледждерде темекі тартқан мұғалімдерге қомақты айыппұл салынады екен. Батыстың көптеген елінде қоғамдық орындарда шылым шегуге заң жүзінде тыйым берілген. Францияда осындай заң күшіне енгеннен кейін кафе мен мейрамханалардың табысы 10–15 пайызға кеміп, жүрек, қан тамырлары ауруынан өмірмен қош айтысатындар саны 15 пайызға азайыпты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, әлемдегі 2 миллиард жасөспірім темекінің түтінімен уланған. Ал Қазақстан халқының 5 миллионы шылым шегеді. 600 мыңнан астамы қыз-келіншектер болса, 140 мыңы – 13–15 жас аралығындағы жеткіншектер. Қазақстандықтардың басым бөлігі жиырмаға толмай жатып, темекінің дәмін татады екен. Өкініштісі, елімізде жылына – 25 мың, күніне 70 адам шылымның кесірінен туындаған дерттерден көз жұмады екен.

Сондықтан шылымсыз қоғам құру денсаулықты қорғау мен өмір сапасын арттырудың маңызды қадамы. Мұндай қоғамды қалыптастыру үшін бірнеше тиімді жолды қарастыру қажет. Темекінің зиянын түсіндіру және оның салдары туралы халықты ақпараттандыру – шылымсыз қоғам құрудың алғашқы қадамдарының бірі. Мектептерде, жо-



ғары оқу орындарында, еңбек ұжымдарында темекі шегудің зияны туралы дәрістер, семинарлар мен тренингтер өткізу керек. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде темекі шегудің денсаулыққа кері әсерлері туралы ақпараттық науқандар ұйымдастыру тиімді.

Темекіге тәуелділікті жеңу үшін шылым шегуді тоқтатқысы келетіндерге медициналық және психологиялық көмек көрсету қажет. Арнайы орталықтар ашып, оларды темекіні тастауға арналған бағдарламалармен қамтамасыз ету шылымсыз қоғамға жақын-дататын маңызды қадамдардың бірі болмақ. Шылым шегумен күресте бүкіл қоғамның қатысуы маңызды. Қоғамда темекі шегудің зияндылығын түсіндіретін құндылықтар мен ережелер қалыптасуы тиіс. Жергілікті билік ор-

гандары, жұмыс берушілер, білім беру мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп жұмыс істеп, шылымсыз қоғамды қолдайтын іс-шаралар ұйымдастыруы керек.

Темекіге қарсы шаралардың арқасында соңғы жылдары Қазақстанда темекі шегушілер санының біртіндеп төмендегені байқалады. Дегенмен бұл мәселе әлі де өзекті болып қалады. Алдағы жылдары темекіге қарсы күресті күшейту және жаңа технологияларды пайдалану арқылы профилактикалық жұмыстарды жақсарту жоспарланып отыр. Қазақстанның темекіге қарсы күресі – денсаулық сақтау саласындағы маңызды қадамдардың бірі. Осы бағыттағы жұмыстар халықтың денсаулығын жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға және зиянды әдеттердің алдын алуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз.

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,  
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу – өмір,  
күлдіре білу – өнер,  
күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

# АРА



29.03.2025 ж.

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

«Кім білмейді Әмірбеков Көпенді, Күлкісімен танытады көкеңді», – деп сатирик Жарасқан Әбдіраш айтқан Көпен Әмірбекті білмейтіндер жоқ шығар. Ұлттық сатираның қанатын кең жаюына көп еңбек сіңірген сатира саңлағының туғанына биыл 75 жыл толып отыр. Оның қаламынан туған небір өткір туындылар қалың оқырманның көңілінен жай тауып, талай әзіл-сықақ театрға арқау болды. Ол қазақ газеттерінде де қажырлы еңбек етті, «Көпен келе жатыр!» атты сатиралық театрымен де көрерменге жақсы таныс. Сатираны мықты деңгейге көтерген, оқырманның ойына дөп тиетін сықақшы-қаламгер туралы айтылар сөз де, ой да көп.

### КӨК КӨЗ КӨКЕМ

Арман қуып, белді бекем буып, 1975 жылы Алматыға аттанғанбыз. ҚазМУ-дың Журналистика факультетіне топ ете қалып, тымпыып жүргенбіз. Алғаш рет Көпен Әмірбековті (ол кезде «ов, ев» деген пәміле құйрықтары әлі тірі болатын...) Жазушылар одағы ғимаратына кіре берісте танып: «Ассалаумағалейкум, Көпен аға!» деп сызылып сәлем бергенім бар. Әрі қарай судыр Ахметше судырлай жөнелетін мінезім жоқты, оның үстіне Көпекеннің ол кезде аты дүркіреп келе жатқан шағы, мысы басты ғой деймін, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына әзіл әңгімелерімді тапсыру үшін зу ете қалдым.

Сонында біреу келе жатқандай болды. Басымды бұрып қарап едім, Көпен ағам екен, екінші қабатқа көтеріле бергенде қатарласып: «Осы сен бала, сатира жазасың ғой?» деп сұрады. Басымды шұлғыдым. Өзіне тіктеп қарап едім, сап-сары жігіт ағасы екен, көзі көкшілдеу ме... Үшінші қабаттағы жұмсақ орындықтардың біріне отыра кетіп, екеуіміз біраз әңгіменің басын қайырдық. Менің мектепті қай жерде бітіргенімді, әзіл-сықақ әңгімелерімді қашаннан бері жазып жүргенімді сұрады. Әңгімесі жағып барады. Арасында өзіне тән, өзіне жарасымды күлкісімен елең еткізе қояды екен. «Ара» журналынан әзілдерімді оқыдым. Оспанхан Әубәкіров ағамен таныстырайын» деді. Ертеңіне Көк базар жақтағы көпқабатты газет-журналдар үйі алдында күтетін болдым. Бірақ көк көз көкем келер болмады. Шыдамсыз байғұс едім, «Осағаңмен өзім таныса берсем қайтеді?» деген ойдың жетегімен, «Ара» журналында қызмет істейтін Әубәкіровтің кабинетіне имене бас сұқтым. «Әзілдерімді әкеліп едім» дедім мінгірлеп. Ол кезде Оспанхан ағамыздың атына әбден қанықпыз. Дүркіреп, дауысы күркіреп тұрған кезі. Ол шимайыма қарап, езу тартты. Сосын: «Шерімов сен екенсің ғой? Отыр, батамды берейін» деді қуақыланып. «Көпен ағамнан бұрын келіп қойғаным ыңғайсыз болды-ау!» деп қоямын ішімнен. Осағаң маған бата беріп отырғанда, көк көз көкем кіріп келді. Қипақтап қалдым. «Сені күте-күте екі көзім төрт болды» деді ол тершіген маңдайын бет орамалымен сүртіп. Сөйтсем, ол мені Көк базар маңынан күтіпті. Қымыз ішкісі келіп. Шала-шарпы естіген

екенмін. «Сатира жазатын інімді таптым» деген еді сонда Көпен ағашын қуанып. Ол кезде жеке кітап шығару дегеніңіз қиямет-қайым еді. Екінші курста оқып жүргенімде жас жазушылардың «Жібек жел» топтамасына бірнеше әзіл-сықақтарым жарқ ете қалды. Кітапты ақтарып қарасам, Мархабат Байғұтов, Мереке Құлкенов, Захардин Қыстаубаев, Серік Жанәбілов секілді марқасқалардың арасында «шикі өкпе» болып мен жүрмін. Қуанышымда шек жоқ. Арада ай өтпей жатып, сыншы Бақыт Сарбалаевтың «Қызыл алма» сын жинағының қолға түсе қалмасы бар ма? Жинақтағы жазушылардың бірсыпырасын мақтай келіп, мені Ювенальдың шыпыртқысымен сабалай жөнеліпті. «Жазу қолымнан келмейді екен. Сатираны қоя салсам да болады екен...» Шынымды айтсам, ерекше қуандым. «Кімнің дүниелері топтамаға шығып, сыналғып жатыр? Демек, шындалуым керек, Сарбалаевты мойындатуым керек! Ол дұрыс сынады!» деген ой көкірегімде сайрап жатты. Курстасым Елгезек Әзбергеновке қуанышымды жеткізіп едім, ол танданысын жасырмады. «Қайта жылауың керек қой» деп кеңкілдеп күліп алып, біраз ақылын айтқан. Солай мәз болып, екі езуім құлағымға жетіп, сыналғаныма секіріп қойып жүргенімде, көшеде көк көз ағамды кездестіріп қалдым. «Сарбалаев сені сынап тастапты ғой?» деді салған жерден. «Соған қуанып жүрмін» дедім мен. Шынымды айттым. «Сабабай бергенше, сатирадан сабақ алуға, тәжірибе жинақтауға жетелеп, достық рәуішпен шымшылауы керек еді» деді Көпен аға.

Кейін «Қазақ әдебиеті» газетіне қызметке орналасқанда оны жиі іздеп баратын болдым. Әзіл-сықақтарым Көпекеннің арқасында апта сайын бұрқырап шыға бастады. Арада біраз жыл хабарсыз кеттім. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің «Қақпан» сын-сықақ бөлімінде қызмет істеп жүрген жылдарым еді. Көпен аға Оразхан Жаркынбеков пен Бекзаттар Дінәсіловті іздеп келіпті, үшеуі редакция ауласында әңгімелесіп тұр екен. Елуінші жылғылар. Ағалардың қолын алып, қатарға тұра қалдым. «Е, Мұхтаржан, осында талтайып жүр екенсің ғой, жақсы, жақсы, қуаныштымын» деді. «Қуанышты екені» дұрыс дейін, «талтайып жүр екенсің» несі? Әлде, жақтырмай тұр ма? Көпекен көңіліне алатындай не істеп қойған едім?» деген ой санамда тұр. Осыны сезе қойды ма, Көпен аға: «Аманхан курстасың айтты, екінші курста «әске-

ри дайындық» бойынша Отарға «учениге» барыпсыңдар. Сонда сен жұртпен бірге жата қалып, автоматпен нысананы көздепсің. Бір кезде майор келіп, құйрығына бір тепкен. Бажырайып қарағансың. «Аяғыңды талтайтып жатып атасың!» деп бұйырған майор. Сен аяғыңды талтайтып алып, атқылап жатқаныңда, құйрығың тағы былқ ете қалған. Бажырайып қарағансың. «Талтайт дегенге сонша талтайтқаның не?» деп ұрысып берген ғой майор. Талтайып, талтандап жүргенге не жетсін!» деп күліп алды. Көпен аға осындай қызық әңгімелерді нәшіне келтіріп айтқанда, аузымыз ашылып қалатын. Әңгіменің майын тамызатын, сорпасын ағызатын. Алыстан орағытып, дәйектемелер келтіріп әңгіме шертудің шебері еді.

Сонғы он жылдай «Айқын» басылымы жанынан жарық көретін «Ара» газетінде бірге қызметтес болдық. «Қақпанда» жүргенде қақыратып, фельетон жазуға машықтанып қалдың ғой, бірге қызмет істейік» деген өтінішін айтқан еді. Бірден келісім бердім. Фельетондардың жеті атасын таныттық. Рас, «Шерім Шымкентте, бірақ Алматыдан шығатын «Айқынның» штатында, бұл қалай?» деп күңкілдегендер болыпты. Көпекен өзі айтқандай: «Шерімдей жазатын тауып берсендер, қоя қойдым» депті. Бұл жерде өзімді асыра мақтай қояйын деген ойдан аулақпын. Айтқым келгені, Көпекен айтқанынан қайтпайтын бірбеткей еді, әдебиетке, оның ішінде сатираға адал еді. Рас, сонау жетпісінші, сексенінші жылдары кейде інісін «ұмытып» кете беретін. «Қазақ әдебиеті» газетіне сатириктер хақында мақала жазып, сайыпқыран сықақшыларды тізіп шығатын. Ақтөбелік Төрежан Мән-



**Уақыт – патша. Күні кеше көз алдымызда жайраңдай күліп, темекісін күлімсірей сорып отыратын көк көз көкем де, келместің кемесіне мініп кеткен.**



дібаев жазғандай, «Көпеннің тізіміне» іліге бермейтінмін. Ол тізім Алпысбай Боранбаевпен аяқталатын. Шынымды айтсам, әшейінде аңқылдап қарсы алатын ағам ренжіп жүрдім. Бірде Шымкент облыстық партия комитеті ғимаратының алдында ұшырасып

таныш тұтқан екенмін. Бертінде «Жол-жөнекей» бейне-таспа жобасын бастады, менімен сұхбаттасып отырып: «Сен сатирадағы ауыр артиллериясың» деп баға бергенін мақтанышымен айта аламын. Мұндағы айтпағым, ол өзгенің барын бағалай білетін,



## КҮЛКІ КӨПЕН

қалдым. Салқындау амандастым. «Саған не болды?» деп сұрады ол. «Тізімде жоқпын» деп мінгірледім мен. «Мұхтар, пәтер алудың да кезегінде айлап, жылдап тұрады ғой. Кезегің келсін, тізімге кіресің!» деп риясыз көңілмен арқамнан қақты. Көңілім көтеріліп сала берді. Кейін ойлап қарасам, менікі атақ қуалау емес, атақты Көпеннің тізімінде болуды мақ-

қуанышына ортақтаса білетін, қызғаныш атаулыдан аулақ еді. «Ара» газетінде қызмет істеп жүргенімде тапсырмалар беретін, бірақ бүге-шүгесіне дейін түсіндіріп, «Мына қаулыдан түсінді келтірсең қалай болады? Мына жолдаудан анықтама бере кетсең?» деп өзіме салмақ салатын. Баз бір башшылардай баса-көктеп, өзінің айтқанын орындата қоймайтын, ақылдасып, пысықтап отыратын. Бір күні Шәмші Қалдаяқов туралы естелік жазғанымды баяндап бердім. Әкесі тіріліп келгендей қуанғаны. «Тез маған жібер, «Айқынға» жариялатамын» деді. Айтқан сөзінде тұрды. Көпекенде ғарыштық жылдамдық бар еді. Қандай іс болмасын, тез арада біткенін қалайтын. Созылып, шұбатылып кеткенді ұнатпайды. Бірде Алматыда, бірде Шымкентте, енді бірде Ақтөбеде жүреді.

Күні кеше Ақтөбелік сатирик інім Нұрлыбек Жұбатқанмен телефон арқылы әңгіме-дүкен құрдық. Әңгіменің ауаны Көпен ағамызға ауысты. «Марқұм боларынан он күн бұрын Ақтөбеге шақырғанбыз» деді Нұрлыбек

інім. «Әзіл-сықақ фестивалінде қазылар алқасының төрағасы болуға келіскен. Ағамыз келгенде шошып қалдық. Тірі әуақ сияқты, көздері шүңрейіп кеткен, әлсіз болды. Тіпті, тамақ іше алмай, темекісін тартып отырды. Ол аздай, есінен танып қалды. Есін жиганда: «аға, ауырып жүрсеңіз, келмей-ақ қойсаңыз болар еді» деп едім, «сендердің көңілдерінді қимадым. Оның үстіне, үйде жата бергенді жақсы көрмеймін» деген еді...».

Уақыт – патша. Күні кеше көз алдымызда жайрандай күліп, темекісін күлімсірей сорып отыратын көк көз көкем де, келместін кемесіне мініп кеткен. Жетпіс бес жылдығы елеусіз қалған жоқ, Шымкентте Көпен ағамызды еске алу мақсатында Күлкі фестивалі өткелі жатыр. Күлкі барда, Көпен бар.

**Мұхтар ШЕРІМ,**  
*Көпен Әмірбек атындағы «Ара», халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты*

### КӨПЕН – КҮЛКІ КОРОЛІ

Аты алты Алашқа мәлім Көпен Әмірбектің өзінен бұрын сөзін таныдым. Ол кезде Түркістан қаласындағы №11 Жамбыл Жабаев атындағы сегізжылдық мектептің оқушысы едім. Оның сатиралық шығармаларын республикалық басылымдардан және кітаптарынан оқып тұратынмын. Жанылыспасам, сол кезде Көпекен «Қазақ әдебиеті» газетінің «Қожанасыр қоржыны» атты сатиралық бетін жүргізетін. Сол сатиралық бетке және «Ара» журналына менің қысқа да нұсқа шығармаларым шығып тұрды.

1988 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универ-



«Қасына достарыңды ертіп ал» деді. Жазған құлда жан бар ма? Келіскен күні жаным Бауыржан Ғұбайдуллин, Мұхтар Атабек, Бақытжан Советский, тағы басқа курстастарымды ертіп бардым. Кешке дейін бау-бақшада жұмыс істедік. Түскі асты уақытынан бір минут та кешікпей ішіп, тойып алдық. «Кедейдің бір тойғаны – шала байығаны» дегендей, қарнымыз тойып, бүйіріміз шығып қалды. Өмірі ән айтпайтын Бақытжанның өзі ыңылдап ән салды. Бауыржан батырлар жырынан үзінділер оқыды. Ал Атабек ария айтты. Мен де қарап қалмай, құрдастарымды қажап, қалжыңдап жүрмін. Ара-арасында Көпекен де бірде әзіл, бірде басынан өткен қызықты оқиғаларды айтып, бізді бір күлдіріп алады. Бірақ бәріміздің ойымызда «Кешке тамақ берер ме екен?» деген алаң бар. Соған қарағанда аш адам бірдей түс көреді-ау. Не керек, сол күні



дык. Одан терлеп-тепшіп шай іштік. Түнге қарай Көпекен көлігімен жатақханаға дейін апарып тастады. Қойшы, әйтеуір не керек, сол күн ашқұрсақ студенттер үшін Құдай қарасқан күн болды. Содан бастап «Көпекен қашан асарға шақырар екен?» деп жол қарап жүретін болдық.

1999 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс беріп жүр едім. Бір күні деканымыз Назмаз-алы Омашев шақырып жатыр

сол жылдары «Жас Алаш» газетінің «Бір түрлі бет» сатиралық қосымшасының редакторы едім. Қолымда біраз материал болатын. Қысқасы, аз уақыттың ішінде бір емес, бірнеше нөмірге жарайтын материалдар бердім. Сөйтіп, қолдан келгенше журналдың аяқтан тұрып кетуіне септігімізді тигіздік. Бұл – 2002 жыл еді.

2004 жылы «Айқын» газеті ашылды. 1 сәуір күлі күніне орай Көпекеннен «Ақ сөйле» айдарына сатира туралы сұхбат алдым. Ол сұхбат газетте жарияланып, кейін «Қазығұрт» баспасынан «Тәуелсіздік толғауы» сериясымен шыққан «Ағынан жарылсақ...» деген жинағыма енді. Дәл сол жылы осы баспадан осы сериямен «Сұхбаттың сардарлары» атты жинақ та жарық көрді. Кітаптың құрастырушысы – филология ғылым-

кісі. Қай тақырыпта сөйлесе де әріге кетіп, тым тереңнен қозғайтын, әдемілеп, әсерлер жеткізгенде қызыға қарап, ұйып тындап кететінбіз.

Көпен аға – тумысынан бөлек жан. Адамгершілік қасиеті, парасаттығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын көрегендігі бөлек әңгіме. Біреуге ренжіп, не болмаса ерегісіп тұрғанын көрмейсін. Ондай жағдай бола қалса, қағытпа қалжыңнан қоя қап, сөзді бірақ кесетін. Сөзі мірдің оғындай еді. Ал шығармашылығы тағы бір бөлек әңгіме. «Тамашаға» қаншама материалдар жазды, театрдың өсіп-өрлеуіне, өнуіне, биікке көтерілуіне, қысқасы «Тамашаның» тамаша болуына Оспанқұл аға, Үмбетбай Уайдин, Сейіт Кенжеахмет сияқты тағы бірқатар сатираның классиктерімен бірге еңбек етіп көп үлесін қосты. Біз Көпен ағаны «Тамаша» арқылы таныдық. Өзі де «Тамаша» арқылы ашылды, шығармаларымен театрды да көрерменге кеңінен танытты. Біз Көпен ағамен жақын араластық. Көрген сайын үнемі айтатыны: «Театрдың басы-қасында жүрсін, «Тамашаның» ендігі жағдайы өзіңнің қолыңда» деп батасын да берген.

«Тамашаның» небір майталмандары келместің кемесіне мініп кеткенде, Лұқпан ағамыздан кейін үлкен актерлеріміз қайтыс болғанда, театрымыз құрамсыз қалғанда Көпен ағаның көмегі орасан зор болды. «Қандай шығарма керек?» деп тіпті, телефон арқылы жиі хабарласып тұратын.

Көпен аға екеуіміз соңғы рет Қостанайда кездестік. Сейіт Кенжеахметов атындағы әзіл-сықақ фестивалінде қазылар алқасының құрамында болдық. Ағамыз төрағасы болыпты. Ол кезде денсаулығы сыр беріп жүрген екен, жағдайы ауыр еді. Көңіл сергітсін деген ниетпен ұйымдастырушылар шақырған екен, сөзін жерге тастамай, көңілдерін қимай әрең-әрең келді. Отыра алмай: «Асылбек, менің жағдайымды көріп отырсың ғой, орным аға өзін төраға болып, балалардың бағасын беріп, шешімін шығар. Мен қасында отырып батамды берейін, ойымды қосып отырамын ғой» деді. Одан бөлек, тағы біраз әңгіме айтты. Қазақстанның, ТМД елдерінің әзіл-сықақ театрларының сапасы туралы да сөз етті. Біздің соңғы кездесуіміз сол болды. Фестиваль аяқталғаннан кейін, араға көп салмай бір жетіден кейін бақилық болды.

Бұл кісілер нағыз классиктер еді, қазір орындары үңрейіп тұр. Көпен ағамыз сияқты жазатын сатириктер қазір жоқтың қасы, жоқ десе де болатын шығар. Өйткені Көпен ағалардан кейін қалжыңның қаймағын қайырып, өндіріп жазып жүрген сатириктерді көріп жүргенім жоқ. «Тамашаның» да шықпай жүргені, әзілдің сапасы төмен болып жатқаны Көпен ағадай мықты сатириктердің болмауынан деп ойлаймын. Көпен ағаның орны әрқашан бөлек.

**Асылбек БОРАНБАЕВ,**  
*«ТТТ» театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

# БАРДА

# БАР

ситетінің Журналистика факультетіне оқуға түстім. Алғашқы курс оқып жүрген кезімде Гошлы көшесіндегі 12 қабатты ғимаратта орналасқан «Ара» журналына бардым. Сол кезде Көпекен осы журналдың жауапты хатшысы боп істейді екен. Таныстық. Жөн сұрастық. Түркістандық екенімді біліп, «Қоңыратсың ба?» деді. «Жоқ, Қарашамын» дедім. «Қоңыратсың ғой» деп бір-ақ кесті. «Менің қоңырат екенімді қайдан біледі? Әулие екен ғой» деп қойдым іштей. Сөйтсем, қараша сол қоңыраттың ішіндегі ру екен ғой. Ол кезде ру, жүз дегенді білмеуші едік. Содан шағын сатиралық туындыларымды тастап кеттім. Көп ұзамай жарық көрді. Тағы алып бардым, тағы шықты. Сөйтіп жүріп, Үмбетбай Уайдин, Толымбек Әлімбек ағаларыммен таныстым. Олар да осы журналда қызмет істейді екен. Бұдан кейін туындыларымды Толымбек ағама да тастап кетіп жүрдім. Сөйтіп, «Ара» журналындағы барлық сатира серкелерімен етене араласып кеттік. Бір күні біздің оқу корпусымызға Көпекен келіп, сенбі күні саяжайда жұмыс істеуге асарға шақырып кетті.



жоспардағы жұмыстың бәрін сол кездегі коммунистік партияның бесжылдық жоспары секілді асыра орындап тастадық. Көпекен де маз, біз де мазбиз. «Қазір үйге барып, жемгелеріңнің асып жатқан етін жейсіңдер» дегенде әлі үйленбеген әйеліміз ұл тапқандай бір-бірімізге қарап, санымызды шапаттап қуанып қалдық. Шынында да, сол күні жемгіміз он жамбасымен тұрған ба, әйтеуір етті молынан асыпты. «Жақсы тамақ қалғанша жаман қарын жарылсын» деген қағиданы ұстанып, табақты жалап-жұқтап жеп қой-

деген соң кабинетіне бардым. Сөйтсем, Көпекен отыр. Олар курстас достар болатын. Екеуінің айтқанына қарағанда, «Ара» журналы қайта ашылады екен. Соған студенттеріме сатира жазғызып, көмектесуім керек. Өйткені Темірбек Қожакеев ағайдан кейін сатираның арнаулы курсы жүргізуші едім. Мені жарты ставкамен жұмысқа алатын болды. Келістім. Деру студенттерге тапсырма беріп, сатиралық шығармалар жаздырдым. Өзім де бердім. Сырттан басқа да авторлардың туындыларын тапсырдым. Өйткені мен

дарының кандидаты, профессор Сәлима Қалқабаева. Бұл басылымға журналистика саласында аянбай тер төгіп, елге кеңінен танылған тәжірибелі публицистердің сұхбаттары топтастырылған. Кітаптың мақсаты – нағыз майталман журналистердің бүгінгі ақпараттық қоғамдағы ең жедел әрі өткір жанр саналатын сұхбатты дайындаудағы шеберлік сырларымен таныстыру. Сонда айтатын дегенім, осы жинаққа Сұлтан Оразалы, Сауытбек Абдрахманов, Көпен Әмірбек, Дидахмет Әшімханұлы, Қали Сәрсенбай, Қайнар Олжай, Раушан Төленқызы, Ұлбосын Айтөлеп және менің сұхбаттарым енгізіліпті. Сонда осы кітапты алып тұрып, бір-бірімізді қызу құттықтағанымызды қалай ұмытайын?! Кейін ол жинақ еліміздің бүкіл кітапханасына таратылды.

**Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,**  
*Қазақстан Жазушылар одағы Сатира кеңесінің төрағасы*

### «ТАМАШАНЫ» ТАМАША ЕТКЕН САТИРИК

Көпен Әмірбекті 90-жылдардың басынан жақсы танымын. «Тамашаға» енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан кезім. Көпен аға «Тамашаның» тарландарымен, театрдың бас режиссері, көркемдік жетекшісі Лұқпан Есенов ағамызбен тығыз шығармашылық байланыста жұмыс істеп жүрген кез болатын. Өзім де сол уақыттан бастап Көпен ағаның шығармаларымен етене таныс болдым. Ол кезде әлі бала едік қой. Қандай рөл ойнасақ та, талабымызға оң бағасын беріп, әрқашан жақсы көзқараспен қарап батасын беріп жүретін. Мен білген Көпен аға – көңілді, әңгімешіл, тарихшыл

